<b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Негізгі қимылдар.</b>  Еңбектеу, өрмелеу.  <b>Міндеті:</b> 4- 6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу.  <b>Қимылды ойын.</b>«Арқан тартыс».  <b>Міндеті:</b> Балаларды топтасып жұмыс істеп, бір-біріне көмектесуге үйрету.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Менің сүйікті ойыншықтарым»  <b>Міндеті:</b> Ойыншық атауларымен таныстыру.  «Мен», «Менің» иелік сөз ұғымын түсіндіру, қолдануға үйрету.  Дыбыстан сөз, сөзден сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлем қайталатып айтқызу. Қысқаша тақпақтарды жаттауға</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Негізгі қимылдар.</b>  Секіру.  <b>Міндеті:</b> Тұрған орында қос аяқпен, 2-3 м қашықтыққа алға қарай жылжып секіру.  <b>Қимылды ойын.</b>«Түлкі мен қояндар»  <b>Міндеті:</b> балаларды дұрыс секіруге дағдылау.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Негізгі қимылдар.</b>  Еңбектеу, өрмелеу.  <b>Міндеті:</b> 4- 6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу.  <b>Қимылды ойын.</b>«Арқан тартыс».  <b>Міндеті:</b> Балаларды топтасып жұмыс істеп, бір-біріне көмектесуге үйрету.</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b>«Менің күшігім»  <b>Міндеті:</b> Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, естіген әуенді нота сызықтарына орналастыруға үйрету.</p>

		талпындыру. Қазақ тіліне тән Ә, Ө дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету. Аталған дыбыстарды сөз ішінде дұрыс айтуларын қадағалау. Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға дағдыландыру.			
«Менің сүйікті ойыншықтарым» <b>Тіл дамыту және көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту. «Менің қуыршағым» ертегісін тыңдау Саусақ жаттығуы: ойыншық атауларын қайталау. <b>Математика негіздері.</b> <b>Міндеті:</b> Бір текті ойыншықтарды топтау (қуыршақтар, машиналар) «Көп – аз» түсініктерімен таныстыру <b>Қоршаған әлеммен</b>	<b>Сурет салу</b> Тақырыбы: «Жаңбырда өскен саңырауқұлақ». <b>Міндеті:</b> Балаларға саңырауқұлақты және жауып тұрған жаңбыр тамшыларын қарындашпен салуды үйрету; композиция жөнінде түсінік беру; саңырауқұлақтың жаңбырдан кейін өте көп және жылдам өсетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. Қарындашпен қысқа, үзік сызықтарды бір бағытта жоғарыдан төмен салу техникасын жаттықтыру; саңырауқұлақ бейнесін екі сопақшаны бір-біріне тигізіп салуға	«Менің машинама» <b>Тіл дамыту және көркем әдебиет – Міндеті:</b> Әңгімелеу барысында сөздерді есте сақтауға үйрету. «Менің машинама» тақырыбы бойынша әңгімелеу. Қысқа әңгіме құрастыру. <b>Математика негіздері</b> Міндеті: геометриялық пішіндерді тану және атау Машинаның дөңгелектерін Геометриялық пішіндерден жасау(дөңгелек, төртбұрыш).	«Қуыршақпен ойын» <b>Тіл дамыту және көркем әдебиет – Міндеті:</b> дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуді үйрету. «Менің қуыршағым ойнайды» тақырыбында әңгімелеу. Қуыршақ туралы өлең оқу. <b>Математика негіздері</b> Міндеті:Қуыршақтың киімдерін ұзын-қысқа, үлкен-кіші деп салыстыру. <b>Құрастыру –</b> Міндеті:Құрылыс материалдарынан әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар	«Менің сүйікті ойыншықтарым» <b>Тіл дамыту және көркем әдебиет – Міндеті:</b> Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға үйрету.«Ойыншықтар елінде» ертегісін тыңдау <b>Математика негіздері –</b> Міндеті:Бір ойыншықты бөліп көрсету. «Көп – біреу» түсінігін бекіту. <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, ойыншықтарды	

	<p><b>таныстыру</b></p> <p>«Ойыншықтар неден жасалған?»</p> <p><b>Құрастыру</b></p> <p>Міндеті:Құрылыс материалдарынан ойыншық үйшігін құрастыру</p> <p><i>Коммуникативтік/танымдық дағдылар</i></p>	<p>дағдыландыру; саңырауқұлақ пен жанбырды бір композицияға біріктіргенде қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; ақыл-ой, қабылдау мүмкіндіктерін арттыру..</p> <p>«Менің аюым»</p> <p><b>Тіл дамыту және көркем әдебиет</b> –</p> <p>Міндеті:Оқу, әңгімелеу барысында сөздерді есте сақтауға үйрету.</p> <p>«Менің сүйікті аюым» тақырыбына әңгімелеу.</p> <p>«Аю» өлеңін жаттау.</p> <p><b>Математика негіздері</b></p> <p>Міндеті:Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруды үйрету.</p> <p>Ұзын-қысқа ойыншықтарды салыстыру. Кеңістікте бағдарлау: оңға, солға қою.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p> <p>«Ойыншықтарды жуу»</p> <p><b>Құрастыру</b> –</p> <p>Міндеті:Бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыруды үйрету.</p> <p>Текшелерден аюға орындық құрастыру.</p>	<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p> <p>Міндеті:Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру</p> <p><i>Коммуникативтік/танымдық дағдылар</i></p>	<p>құрастыруға дағдыландыру.</p> <p>Қуыршаққа арналған төсек жасау</p> <p><i>Коммуникативтік/танымдық дағдылар</i></p>	<p>жинауға баулу</p> <p><i>Коммуникативтік/танымдық дағдылар</i></p>
--	--	--	---	--	--

		Коммуникативтік/танымдық/шығармашылық дағдылар			
<b>Екінші таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.				
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b></p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>				
<b>Серуен</b>	<p>Табиғаттағы күзгі маусымдық өзгерістерді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Мақсат-міндеттер.</b></p> <p>Табиғат құбылыстарын, ауа-райының жағдайын анықтауға (суық, жылы, ыстық), белгілеуге үйрету.</p> <p>Балалардың назарын табиғаттағы көзге көрінетін өзгерістерге аудару: жапырқтар сарғайып, гүлдер солып, шөп қурауда.</p>	<p>Аспан мен бұлттарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b></p> <p>Аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу.</p> <p>Әртүрлі табиғи құбылыстармен танысуды жалғастыру.</p> <p><b>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті:</b> ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан газалау.</p>	<p>Құстарды бақылау. Көгершін. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b></p> <p>Күздегі құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; көгершінді құс деп тануға көмектесу; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қауіпсіздік. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру.</p>	<p>Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b></p> <p>Ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.</p> <p><b>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</b></p> <p><b>Мақсаттары:</b> балалардың қозғалыс ойындарына қызығушылығын арттыру, физикалық дағдыларын жетілдіру, балаларды</p>	<p>Торғайды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттер:</b></p> <p>торғаймен танысуды жалғастыру, аула құсына қызығушылықты арттыру; торғайдың дене мүшелері, қарапайым тіршілігі жайында ұғамдар қалыптастыру.</p> <p>Қауіпсіздік.</p> <p>Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың</p>

	<p>Адамдар жеңіл киім кимейді, жел салқын. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.</p> <p><b>"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</b></p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b></p> <p>Биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүгіп секіруді үйрету.</p>	<p><b>Мақсат-міндеттері.</b></p> <p>Балаларды қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға үйрету, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қауіпсіздік. Қоқымды бірбіріне шашпауды, ауызға салмауды қадағалау.</p> <p>Балалардың еркін ойындары.</p>	<p><b>"Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі)</b></p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b></p> <p>Балаларды доп ойындарына тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.</p> <p>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.</p> <p>Балалар допты жерге лақтырғанда, оны секіртіп, себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.</p> <p>Құралдары: себеттер мен доптар.</p>	<p>қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікте бағдарлауға ынталандыру, шапшаңдықты, қызығушылықты, күн мен түнді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.</p>	<p>қарапайым ережелерімен таныстыру.</p> <p><b>«Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)</b></p> <p><b>Мақсат-міндеттер.</b></p> <p>Бірқалыпты, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден жүруге, алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (<b>дербес қимыл әрекеті</b>).</p>				
<b>Түскі ас</b>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»</p> <p>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>				

	<p>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.  Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.  Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.  Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.  <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.  Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>)  Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (<b>Музыка</b>)</p>				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтру шаралары</b>	<p><b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). <b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</p>				
<b>Бесін ас</b>	<p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b>	<p><i>Хореография вариатив</i></p> <p><b>Сурет салу</b>  Дәстүрден тыс әдіс: саусақпен қуыршақ бейнесін салу  <b>Мүсіндеу</b>  Ермексаздан доп жасау (домалақтау тәсілі)  <b>Жапсыру</b>  Дайын пішіндерден қуыршақтың суретін</p>	<p><b>Сурет салу</b> – Алақанмен аю бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс).  <b>Мүсіндеу</b> – Ермексаздан аю мүсіндеу (домалақтау, жалпақтау).  <b>Жапсыру</b> – Дөңгелек пішіндерден аю бейнесін құрастыру.  <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> – Үй жануарлары мен ойыншық жануарларды салыстыру.</p>	<p><i>Хореография вариатив</i></p> <p><b>Құрастыру</b> – Конструктордан машина жасау.  <b>Сурет салу</b> – Дөңгелек штаппымен машина бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс).  <b>Мүсіндеу</b> –</p>	<p><b>Жапсыру</b> – Қуыршаққа көйлек жапсыру (дайын пішіндерден).  <b>Сурет салу</b> – Мақтамен қуыршақтың киімін бояу (дәстүрден тыс әдіс).  <b>Мүсіндеу</b> – Қуыршаққа жеміс (алма, алмұрт) мүсіндеу.</p>	<p><b>Құрастыру</b> – Барлық ойыншықтарға арналған ойын бұрышын құрастыру.  <b>Сурет салу</b> – Тіс щеткасымен шашыратып ойыншық бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс).  <b>Мүсіндеу</b> – Ермексаздан бірге ойнайтын ойыншықтарды жасау.</p>

	жапсыру <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> «Менің ойыншықтарым қайда тұрады?» (қорап, сөре) Ойыншықтарды күтіп ұстау ережелері		Ермексаздан машина жасау. <b>Жапсыру</b> – Пішіндерден машина бейнесін жапсыру. <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> – Нағыз көліктерді бақылау (сурет, видео).		<b>Жапсыру</b> – «Менің ойыншықтарым» композициясын жапсыру. <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> – Ойыншықтарды күтіп ұстау ережесін қайталау.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Әміре, Тасним «Қимылды есте сақта» Міндеті: көрсетілген қимылды түсіну, есте сақтау және көбейту қабілетін дамыту; қол-көз жадын, зейінді дамыту Физикалық дағдылар	Әлихан С., Қ.Әлихан «Ертегі кейіпкерін біл» Міндеті: кейіпкерді аталған белгі бойынша анықтау Қарым-қатынас дағдылары	С.Арыстан, Көркем «Кім қайда ұйықтайды» Міндеті: ақыл-ой қабілетін, негізгі геометриялық фигура туралы түсінігін дамыту; түс атауын бекіту; үлгі бойынша таңдау Танымдық және зияткерлік дағдылар әрекетін қалыптастыру	Жанерке, Алим «Саусақтармен сурет салу» Міндеті: ұсақ моториканы дамыту; түстерді зерттеуге көмектесу Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі	Әмір, О.Арсен, М.Арсен «Зат және әрекет» Міндеті: балалардың заттың қасиеті туралы білімін бекіту; олардың сөздік қорын байытуға және кеңейтуге ықпал ету Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар
<b>Серуенге дайындық</b>	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b> Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Серуен</b>	«Қаздар мен қасқыр» <b>Мақсаты:</b> Топтық бірлікті дамыту. <b>Шарты:</b> Бір бала	«Сиқырлы қақпа» <b>Мақсаты:</b> Қимыл үйлесімділігін жетілдіру. <b>Шарты:</b> Екі бала қолдарын	«Жеміс теру» <b>Мақсаты:</b> Зейінді, қимыл жылдамдығын дамыту.	«Түлкі мен балапандар» <b>Мақсаты:</b> Жүгіру дағдыларын дамыту. <b>Шарты:</b> Бір бала түлкі,	«Теңіз жұлдыздары» <b>Мақсаты:</b> Қимыл үйлесімділігін дамыту. <b>Шарты:</b> Балалар теңіз

	қасқыр, қалғандары қаздар. Қаздар шеңбер бойымен жүреді, қасқыр ұстап алуға тырысады.	жоғары көтеріп қақпа жасайды. Басқалары қақпадан өтіп үлгеруі керек, белгі берілгенде қақпа «жабылады».	<b>Шарты:</b> Балалар алаңдағы «жемістерді» (доп, шар) жинап, себетке салады.	қалғандары балапан. Балапандар «қорада» жүреді, түлкі қуып ұстайды.	жұлдызы болып, қолдарын созып, баяу айналады. Белгіберілгенде орнына жата қалады.
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).				
<b>Кешкі ас</b>	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. ( <i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</i> )				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b>	«Біздің балалар қайда екен?» дидактикалық ойыны. Үлестірмелі материалда берілген сурет бойынша балалардың қайда тығылып отырғанын тапқызу. – Асқар үстелдің астында тығылып жатыр. – Марат үлкен ойыншық қонжықтың артында отыр. Көркем әдебиет Балабақшаға жол Конструктордан құрастыру. Құрастыру Ермексайдан доп жасау. Мүсіндеу. Қандай әдемі түстер! Қандай қарындаштың іздері екенін кім айтады? Сурет салу	Көк, қызыл, сары, жасыл текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, мұнара құрастырады. Балалар мұнараның жоғарғы бөлігіне әтешті немесе таңдап алған ұсақ ойыншықтарын орналастырып ойнау, Құрастыру	Алманың бейнесін құрастыру, пазл. Құрастыру. Қарындашпен алманы түсіне қарай бояу. Сурет салу ермексайдан жасап, қағазға орналастыру. Мүсіндеу, жапсыру <i>Шығармашылық дағдылар</i>	. Балаларды «Батады – Батпайды» тақырыбында тәжірибе жасап көруге шақырады. Балалар құрғақ жапырақтарды суға салады. Нақтылайды: олардың көлемдері әртүрлі. Құрғақ, жеңіл, үлкен, кіші т.б. <i>Экологиялық мәдениет, Қоршаған ортамен таныстыру</i>	Алдымен екі текшені қояйық, ал олардың үстіне тақтайшаны қояйық. Міне, ұзын отырғыш дайын болды. Отырғышта отыру ыңғайлы болуы үшін, арқасы бар отырғыш құрастыруға болады. Текшелерді қояйық, үстіне тақтайшаны қояйық, ал кірпіштерден арқасын жасаймыз. Бекіту үшін балаларға сұрақ қояды: – Отырғышты неден құрастырамыз? – Қандай отырғыш? Құрастыру

	Балаларға пирамиданы түрлі түсті пішіндердің ұзын-қысқасына қарай магнитті тақтайға қалай орналастыруды көрсету. Жапсыру <i>Шығармашылық дағдылар</i>				орындықты ермексаздан қағазға орналастыру, Жапсыру, мүсіндеу <i>Шығармашылық дағдылар</i>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). -«Күні бойғы әсерін ертегі арқылы талқылаңыз.» -«Отбасымен бірге үстел басында күннің жақсы сәтін айту дәстүрін бастаңыз» -«Тапсырманы орындағаны үшін алғыс айтып, жылы сөз айтыңыз» -«Бірге түстерге байланысты сурет салыңыз»				

Тексерілген күні: *12.09.2025ж*

Ұсыныстар: *Мәдениет әрі- тәлімдер ұйымы*

Әдіскер:

*М.Р.*

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы (Қыркүйек) 4 апта

**Білім беру ұйымы:** Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК

**Топ:** «Балақан» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 22.09.2025-26.09.2025

**Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

**Тәрбиешілер:** Омирбекова Ж.Е., Мархабатқызы А.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.09.2025 ж	Сейсенбі 23.09.2025 ж	Сәрсенбі 24.09.2025ж	Бейсенбі 25.09.2025ж	Жұма 26.09.2025ж
<b>Балаларды қабылдау</b>	<p>Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу                      Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)                      Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу                      Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру                      Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)                      Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)  <b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b>                      Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <i>Күй күмбірі «Жастар» музыка</i></p>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<p>Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.  <b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b>                      Балаға жылы құшақтап, «күнің сәтті өтсін» деңіз.                      Балаға достарына күлімдеп сәлем беруді ескертіңіз.                      Балаға өзін-өзі мақтауды үйрететін сөз айтыңыз («мен мейірімдімін»).                      Қауіпсіздік ережесін еске түсіріңіз (жолдан өту, өткір зат).                      аланы шынайы күліп шығарып салыңыз.</p>				
<b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу,</b>	«Жапырақтарды жинаймыз» Балабақша ауласына түрлі түсті қағаздан жасалған жапырақтар шашылып қояды. Балалар оларды жинап, «қоқыс жәшігіне» (себетке)	«Дүкен» Балалар сатып алушы болып «Алма беріңізші!» деп ойыншық затты «сатып алады».	«Досыңа көмектес» Балалар шеңберге тұрады. Бір бала ойыншықты түсіріп алады. Қасындағы бала «алып беріп» досына	«Ақ серек – көк серек» (жеңілдетілген түрі) Балалар екі топқа бөлініп	«Шын айтшы» Тәрбиеші ойыншықты көрсетіп: «Бұл мысық па?» деп қасақана шатастырады. Балалар «Жоқ, бұл қоян!» деп

<p><b>дербес және басқалары</b></p>	<p>салады. <i>Экологиялық тәрбие</i></p>	<p>Ақшаның алмасу құралы екенін түсіндіру <i>Қаржылық сауаттылық</i></p>	<p>қайтарады. Барлығы кезекпен қайталайды. <i>Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</i></p>	<p>тұрады. Бір-біріне қарап «Ақ серек – көк серек, бізден сізге кім керек?» деп айтады. Қарсы топтан бір бала жүгіріп келіп, досын ертіп кетеді. <i>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»</i></p>	<p>дұрыс айтады. Баланы шындықты айтуға, дұрыс жауап беруге баулу. <i>Адалдық әліппесі</i></p>
<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары,</b> Б.қ.: «Торғай ұшты» 1. Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созып құстың қанатын жасау, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру; «Чик- чирик» деп айту. / 5 рет қайталау/ Б. қ.: «Жыланның қозғалысы» 2. Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «Қайшы» 3. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау. /6 рет қайталау./ Б. қ.: «Жұлдызша» 4. Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет / Тыныс алу жаттығуы жайлап зал ішімен жүру; демін ішке жұтып, қолдарын жанына қарай көтеру, демін сыртқа шығарып қолдарын түсіреді.(3-4рет)</p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру  Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері  <b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>				
<p><b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b></p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Негізгі қимылдар:</b>  Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. <b>Міндеті:</b>  Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. <b>Қимылды ойын:</b> «Күн мен түн»  <b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Балабақшада кім жұмыс істейді?»  <b>Міндеті:</b> Балабақшада жұмыс істейтін қызметкердің мамандық атауларымен таныстыру. Дыбыстан сөз, сөзден сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлем қайталатып айтқызу. Қысқаша тақпақтарды жаттауға талпындыру. Қазақ тіліне тән Ә, Ә дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету. Аталған дыбыстарды сөз ішінде дұрыс айтуларын қадағалау. Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға дағдыландыру.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Негізгі қимылдар:</b>  Музыкалық-ырғақтық қимылдар.  <b>Міндеті:</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.  <b>Міндеті:</b> Балалардың физикалық қасиеттерін (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік,) дамыту.  <b>Қимылды ойын:</b>  «Ұйқыдағы түлкі»  <b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Негізгі қимылдар:</b>  Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. <b>Міндеті:</b>  Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.  <b>Қимылды ойын:</b>  «Күн мен түн»  <b>Мақсаты:</b>  Балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Менің мысығым»  <b>Міндеті:</b> Балаларға арналған музыкалық аспаптардың дауыс тембрін ажыратуға үйрету. Аспаптарда өз еріктерінше ойнауға, шығармашылыққа баулу.</p>

	<p>«Менің үстелім»  <b>Тіл дамыту және көркем әдебиет</b>  <i>Міндеті:</i> дауысты (а, ә, е, о, ұ) дыбыстарды айтуды үйрету.  «Менің үстелім» тақырыбында әңгімелесу. Үстел туралы өлең оқу  <b>Математика негіздері</b>  <i>Міндеті:</i> Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.  Үлкен үстел мен кіші үстелді салыстыру.  «Көп – біреу» ұғымын бекіту  <b>Қоршаған әлеммен танысу</b>  «Неден жасалған»?  <b>Құрастыру –</b>  <i>Міндеті:</i> Қарапайым құрылыстар құрастыруды үйрету. Текшелерден үстел құрастыру</p>	<p><b>Мүсіндеу</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Жидегі бар себет»  <b>Міндеті:</b> Есу әдісі арқылы ермексаздың кішкене бөлшектерінен жидектер мен себетін мүсіндеуді үйрену; сөйлеуді, логикалық ойлауды, зейін қоюды, жұмбақ шешуді үйрету; ермексазбен жұмыс кезінде ұқыптылыққа тәрбиелеу  <b>«Менің орындығым»</b>  <b>Тіл дамыту және көркем әдебиет</b>  <i>Міндеті:</i> кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айтуды үйрету.  «Менің орындығым» тақырыбында әңгімелеу.  Жұмбақ шешу  <b>Математика негіздері</b>  <i>Міндеті:</i> екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.  Үлкен орындық пен кішкентай орындықты салыстыру.  <b>Құрастыру</b>  <i>Міндеті:</i> Құрылыс материалдарынан әртүрлі</p>	<p>«Менің төсегім»  <b>Тіл дамыту және көркем әдебиет</b>  <i>Міндеті:</i> Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;  «Менің төсегім» тақырыбы. Ертегіден үзінді тыңдау  <b>Математика негіздері</b>  <i>Міндеті:</i> ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруды үйрету.  Ұзын көрпе мен қысқа көрпені салыстыру  <b>Құрастыру</b>  <i>Міндеті:</i> Қарапайым құрылыстар құрастыруды үйрету.  Текшелерден төсек жасау</p>	<p>«Менің шкафым»  <b>Тіл дамыту және көркем әдебиет</b>  <i>Міндеті:</i> бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету  «Шкафта не бар?» тақырыбында әңгімелеу. «Ш» дыбысын айту  <b>Математика негіздері</b>  <i>Міндеті:</i> Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету.  Жоғарыдағы және төмендегі сөрелерді ажырату. «Жоғары – төмен» ұғымы  <b>«Дұрыс-бұрыс»</b>  <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>  <i>Міндеті:</i> өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.</p>	<p>«Менің бөлmemдегі жиһаздар»  <b>Тіл дамыту және көркем әдебиет</b>  <i>Міндеті:</i> дауысты (а, ә, е, о, ұ) дыбыстарды айтуды үйрету.  «Менің бөлmemдегі жиһаздар» тақырыбында әңгімелеу. Өлең жаттау  <b>Математика негіздері</b>  <i>Міндеті:</i> Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету  Жиһаздарды топтау: үстел бөлек, орындық бөлек. «Көп – аз» түсінігі  <b>Құрастыру</b>  <i>Міндеті:</i> Қарапайым құрылыстар құрастыруды үйрету.  Құрылыс материалдарынан бөлме құрастыру  <b>Сурет салу</b>  Дақ шашып бояу арқылы жиһаз бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс)</p>
--	--	--	--	---	---

		түстегі және пішіндегі бөлшектерден құрастыруға дағдыландыру. Құрылыс материалдарынан орындық құрастыру			
<b>Екінші таңғы ас</b>	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.				
<b>Серуенге дайындық</b>	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b> Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Серуен</b>	<b>Күзгі күн райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері.</b> Табиғаттағы күзгі маусымдық өзгерістерді, табиғат құбылыстарын, ауа-райының жағдайын анықтауға (суық, жылы, ыстық), белгілеуге үйрету Табиғаттың қалай өзгергеніне назар	<b>Күнді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері.</b> Күз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; күз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу. <b>"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері.</b>	<b>Жыл құстарын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері.</b> Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскенде құстардың тіршілігі; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. <b>«Өнегелі тәрбие».</b> <b>Еңбек тапсырмалары:</b>	<b>Бақылау: Аспандағы бұлттардың күзгі өзгерістерін бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Бұлтты күндегі өзгерістер туралы бақылау жасап отырып түсірдіру Еңбек: Ауладағы табиғи материалдарды жинау. Ойын: «Бұлт пен жаңбыр» – балалар жаңбырдан тығылады. Зерттеу	<b>Күзгі күн райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері.</b> Табиғаттағы күзгі маусымдық өзгерістерді, табиғат құбылыстарын, ауа-райының жағдайын анықтауға (суық, жылы, ыстық), белгілеуге үйрету Табиғаттың қалай өзгергеніне назар

	аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруды үйрету.	Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.	<b>құмсылғыш шеттерін сыпыру, құмнан тазалау.</b> <b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, еңбек құрал-жабдықтарын (щеткаларды) орнына (қорапқа) жинауға баулу; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау	жұмысы: Булану процесін қарастыру (су төгіп, оның кебуін бақылау). Қоршаған әлеммен таныстыру	аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруды үйрету.
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ( <b>дербес қимыл әрекеті</b> ).				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b> Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы				

	сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. <b>Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. <b>(Музыка)</b>				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	<b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). <b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
<b>Бесін ас</b>	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b>	Хореография (вариатив) <b>Дене тәрбиесі</b> Спроттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен оңға және солға бұрылып тебу. Міндеті: Балалардың салауатты өмір салтына дағдылап, аяқ бұлшық еттерін дамыту. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» <b>Сурет салу</b> Саусақпен үстелді бояу (дәстүрден тыс әдіс) <b>Мүсіндеу</b> Ермексаздан үстел	<b>Сурет салу</b> – Алақанмен орындық бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс) <b>Жапсыру</b> Геометриялық пішіндерден орындық бейнесін құрастыру <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Үйдегі және балабақшадағы орындықтарды салыстыру.	Хореография (вариатив) <b>Сурет салу</b> Мақтамен төсек суретін бояу (дәстүрден тыс әдіс) <b>Мүсіндеу</b> Ермексаздан жастық мүсіндеу <b>Жапсыру</b> Жастық пен көрпе бейнесін жапсыру <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Төсек жабдықтарын көрсету	<b>Құрастыру</b> Құрылыс материалдарынан шағын шкаф жасау <b>Мүсіндеу</b> Ермексаздан шағын сөре жасау <b>Жапсыру</b> Дайын пішіндерден шкаф бейнесін құрастыру <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Балабақшадағы шкафтарды бақылау	<b>Мүсіндеу</b> Ермексаздан жиһаздар топтамасын жасау <b>Жапсыру</b> «Менің бөлmem» композициясын жасау <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Үйдегі және балабақшадағы жиһаздарды салыстыру

	бейнесін жасау <b>Жапсыру</b> Дайын пішіндерден үстел бейнесін жапсыру <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Балабақшадағы үстелдерді бақылау				
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Тіл дамыту</b> Алим, Көркем, Алихан Т., суреттер көрсетіледі (мысық, ит, құс). Тәрбиеші: «Бұл не? Қалай дыбыс шығарады?» – деп сұрайды. <b>Мақсаты:</b> Жануар атауларын айтуға үйрету, сөздік қорын толықтыру.	Арслан, Арыстан, Ақтөре үлкен және кішкентай допты қолына ұстатып, «Қайсысы үлкен? Қайсысы кішкентай?» деп салыстырады. <b>Мақсаты:</b> Өлшемді ажырату.	<b>Сурет салу</b> Әмір, Алим, Әлихан С., қылқалам беріліп, суға батырып қағазға еркін бояу жүргізу. <b>Мақсаты:</b> Еркін қимылмен бояу, қол бұлшық етін дамыту.	<b>Мүсіндеу</b> Алихан Т., Әміре, Таснимермекс азды қолына беріп, «дөңгелек жасайық» деп бағыт береді. <b>Мақсаты:</b> Қол қимылын дамыту, пішін жасауға үйрету.	Ақтөре, Әли, Көркем, Алихан Т., текшеден мұнара тұрғызу. Тәрбиеші: «Бірін қойдық, екіншісін қойдық» деп бірге жасайды. <b>Мақсаты:</b> Кеңістікте орналастыруға үйрету.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. ( <b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ).				
<b>Серуен</b>	«Аспандағы шарлар» <b>Мақсаты:</b> Қолдың икемділігін дамыту. <b>Шарты:</b> Балалар шарды жерге түсірмей, жоғары соғып ойнайды.	«Жолдан қаш» <b>Мақсаты:</b> Жылдам реакцияны дамыту. <b>Шарты:</b> Ортада сызық немесе жіп – «жол». Тәрбиеші «көлік келе жатыр» десе, балалар жолдан секіріп қашады.	«Секіргіш бақалар» <b>Мақсаты:</b> Секіру дағдыларын дамыту. <b>Шарты:</b> Балалар бақа сияқты секіріп, белгіленген жерге жетеді.	«Желкенді кеме» <b>Мақсаты:</b> Қиял мен қозғалысты үйлестіру. <b>Шарты:</b> Балалар «кеме» болып, қолдарын жайып желкен етіп, бір бағытта қозғалады.	«Сиқырлы доп» <b>Мақсаты:</b> Доппен жұмыс дағдыларын дамыту. <b>Шарты:</b> Балалар допты бір-біріне лақтырып, жерге түсірмеуге тырысады
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін				

	аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).				
<b>Кешкі ас</b>	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b> )				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b>	«Балабақша - жайлы мекен» Балабақшада экскурсия өткізу еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы « <i>Біртұтас тәрбие</i> »	қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, заттардың атын, түсін атау <i>Танымдық дағды</i>	Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруге үйрету <i>Коммуникативтік дағды</i>	Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, тбасы мүшелерінің аттарын атау. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. <i>Танымдық дағды</i>	жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылысты тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып, материалды таңдау. <i>Танымдық дағды</i>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). «Ойын арқылы жаңа білімді бекітуге уақыт бөліңіз» «Бірге көңілді қимылды ойын ойнаңыз» «Бүгін жасаған мейірімді ісін атап өтіңіз» «Көрген қызықты оқиғасын тыңдауға уақыт бөліңіз». «Ұйықтар алдында тыныш музыка тыңдату — жақсы ұйқыға көмектеседі».				

Тексерілген күні: 19.09.2025ж

Ұсыныстар: *Бүгінгі таңда баланы көбірек ауылға апару*

Әдіскер: \_\_\_\_\_

*ad*

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы (Қазан) 1 апта

**Білім беру ұйымы:** Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы

бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК

**Топ:** «Балақан» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар

**Қазан -** бірлік және ынтымақ айы

**Тәрбиешілер:** Омирбекова Ж.Е., Мархабатқызы А.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.09.2025 ж	Сейсенбі 30.09.2025 ж	Сәрсенбі 01.10.2025ж	Бейсенбі 02.10.2025ж	Жұма 03.10.2025ж
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды жылы қарсыалу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғытыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасындамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) <b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b> Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <b>Күй күмбірі</b>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. <b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b> Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
<b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек,</b>	Ерте кәсіптік бағдар беру  <b>Ойын: «Кім қайда жұмыс істейді?»</b> <b>Міндеті:</b> Мамандарды жұмыс орнымен сәйкестендіруге	Құқықтық сауаттылық  <b>«Менің құқығым бар»</b> <b>Міндеті:</b> Құқық бұзылған жағдайды	Адалдық әліппесі  <b>Ойын: «Шындық па, өтірік пе?»</b> <b>Міндеті:</b> Шынды	Ұлттық ойын – ұлт қазынасы  <b>«Асық ату»</b> <b>Міндеті:</b> Көз	Қаржылық сауаттылық  <b>«Дүкен»</b> <b>Міндеті:</b> Ақша мен зат айырбасын түсіндіру. <b>Құрал-</b>

<p>қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары</p>	<p>үйрету. <b>Құрал-жабдықтар:</b> Мамандық және жұмыс орны суреттері (аурухана, мектеп, асхана, өрт сөндіру көлігі). <b>Ойын барысы:</b> Тәрбиеші мамандық суретін көрсетеді. Балалар сәйкес жұмыс орнын таңдайды. <b>Танымдық дағдылар</b></p>	<p>тануға үйрету. <b>Құрал-жабдықтар:</b> Суреттер (баланың ойыншығын тартып алу, кезексіз кіру). <b>Ойын барысы:</b> Сурет көрсетіледі. Балалар кімнің құқығы бұзылғанын айтады. <b>Танымдық дағдылар</b></p>	<p>қ пен өтірікті ажыратуға дағдыландыру. <b>Ойын барысы:</b> Тәрбиеші сөйлемдер айтады. Шын болса – қол көтереді, өтірік болса – қол түсіреді.</p>	<p>мөлшерін, дәлдігін дамыту. <b>Құрал-жабдықтар:</b> Асықтар. <b>Ойын барысы:</b> Ортаға асыққойылады. Балалар кезекпен атады. <b>Танымдық-коммуникативтік дағдылар</b></p>	<p><b>жабдықтар:</b> Ойыншық ақша, тауарлар. <b>Ойынбарысы:</b> Бір бала – сатушы, қалғандары – сатыпалушы. Ақша беріп, зат сатыпалады. <b>Танымдық дағдылар</b></p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары</b> Б. қ: «Мазактау» Аяқтары алшақ қойылған , орамал қолда. Басты оң жақ, сол жақ иыққа қою. «А-я-я-й» сөзін айту. /6 р/ Б. қ.: «Әткеншек» Аяқтары алшақ қойылған , орамалды белге ұстап, денені жан - жаққа бұрады. / 6 рет қайталау/ Б.қ.: «Қу түлкі» Денені тік ұстау. Орамал қолда. Түлкінің жүрісін салу. /5 рет қайталау./ Б. қ.: «Шеңберлер» Тік тұрып, аяқты иық деңгейіне қояды, орамалды жоғары көтеріп, саусақтарды айқастырады, 1 - есебінде денені еңкейтіп, қолды солға бұрады, 2 - дене мен қолды алға еңкейтеді, 3 - оңға, 4 - артқа. (қолды желкеге қоюға болады) Б.қ.: «Маятник» Тік тұрып, аяқты бірге ұстайды, денені солға еңкейтеді, оң қолдағы орамалмен қабырғаны, сол қолдағы орамалмен саннан тізеге дейін сипалайды, дәл осылай екінші аяқпен жасалады. /6 рет қайталау./</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке</p>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру</p>				

дайындық	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері <b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
Кестеге сәйкес ҮІӨ	<p><b>Дене тәрбиесі</b> <b>Негізгі қимыл:</b> Жүру. <b>Міндеті:</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жүппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру <b>Қимылды ойын:</b> «Аңшы» <b>Міндеті:</b> Балаларды қырағылыққа, ептілікке тәрбиелеу.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жомарт күз» <b>Міндеті:</b> Балаларды күз мезгіліне байланысты сөздермен таныстыру. Қойылған сұрақты түсінуге және сөздерді байланыстырып сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Күз туралы тақпақтар жаттату. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ә, Ө дыбыстарын фонетикалық жаттығулар арқылы дұрыс айтуға дағдыландыру.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> <b>Негізгі қимыл:</b> Жүгіру. <b>Міндеті:</b> Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. <b>Қимылды ойын:</b> «Аңшы» <b>Міндеті:</b> Балаларды қырағылыққа, ептілікке тәрбиелеу</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> <b>Негізгі қимыл:</b> Жүру. <b>Міндеті:</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жүппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру <b>Қимылды ойын:</b> «Аңшы» <b>Міндеті:</b> Балаларды қырағылыққа, ептілікке тәрбиелеу.</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Менің балабақшам» <b>Міндеті:</b> Түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарды орындалған таныс әуендерді тыңдау, ойын арқылы көңілді-көңілсіз әуендерді ажырата білу, сезіне білу. Табиғат құбылыстарымен танысу.</p>
	<p>«Менің анам» <b>Тіл дамыту және көркем әдебиет–</b> <b>Міндеті:</b> «Анашым» өлеңін</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Саябаққа күз келді» <b>Міндеті:</b> Балаларға қылқалам</p>	<p>«Ата-әжем» <b>Тіл дамыту және көркем әдебиет–</b> <b>Міндеті:</b> «Әжемнің ертегісі» әңгіме,</p>	<p>«Аға-әпкем» <b>Тіл дамыту және көркем әдебиет–</b> <b>Міндеті:</b> «Әпкем қуыршақ ойнайды»</p>	<p>«Менің отбасым» <b>Тіл дамыту және көркем әдебиет–</b> <b>Міндеті:</b> «Менің отбасым»</p>

<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары</b>	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <i>Сауықтыру жаттығулары:</i> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту) <i>Өзіне-өзі қызмет ету:</i> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <i>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</i> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				

<p><b>Бесін ас</b></p>	<p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке сүлгімен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <i>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну», «Әжемнің ертегілері», Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</i></p>				
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b></p>	<p><b>Хореография (вариатив)</b>  <b>Танымдық дағдылар</b>  <b>Математика негіздері:</b>          Мақсаты: Пішіндер: шеңбер (денесі), үшбұрыш (қанаты). «Көп» және «бір» ұғымдарын бекіту.  <b>Қоршаған әлеммен таныстыру:</b>          Құстардың табиғатта рөлі: зиянкестерді жейді.          Құстарды қорғау туралы әңгіме.          Торғайға жем беру (ойын түрінде).  <b>Сурет салу:</b>          Төртбұрышқа шеңбер қосып құстың қарапайым пішінін салу.          Қанаттарын сызықтармен белгілеу.  <b>Мүсіндеу:</b>          Ермексаздан дене мен</p>	<p><b>Танымдық дағдылар</b>  <b>Математика негіздері:</b>          Мақсаты: Ұсақ-ірі торғай суреттерін салыстыру.          Қанша торғай бар? Кеңістікте бағдарлау: алдында-артында.  <b>Қоршаған әлеммен таныстыру:</b>          Торғайдың адамға үйір екенін түсіндіру.          Құстарға жем шашу мәдениеті.          Торғайдың ұясы қайда болатыны туралы әңгіме.  <b>Сурет салу:</b>          Торғайдың тұмсығын үшбұрышпен салу.          Қоңыр-сұр түстермен бояу.  <b>Мүсіндеу:</b>          Ермексаздан кішкене домалақ пішін жасап торғай бейнесін</p>	<p><b>Хореография (вариатив)</b>  <b>Танымдық дағдылар</b>  <b>Математика негіздері:</b>          Мақсаты: Пішіндер: сопақ денесі, үшбұрыш тұмсық.          «Ұзын-қысқа» терминдерін бекіту          Көгершін суреттерін көлеміне қарай салыстыру..  <b>Қоршаған әлеммен таныстыру:</b>          Көгершіннің қалада өмір сүретінін түсіндіру.          Адамдарға жақын бейімделген құс екенін айту.          Құстарды ренжітпеу туралы әңгіме.  <b>Сурет салу:</b>          Ақ-көгілдір түстермен көгершін бейнесін салу.  <b>Мүсіндеу:</b></p>	<p><b>Танымдық дағдылар</b>  <b>Математика негіздері:</b>          Мақсаты: Қара және ақ пішіндерді салыстыру.          «Көп аз» ұғымдарын бекіту.          Геометриялық пішін шаршы.  <b>Қоршаған әлеммен таныстыру:</b>          Қарғаның ерекше білімді құс екенін түсіндіру.          Қалада да өмір сүретінін айту.  <b>Сурет салу:</b>          Қарғаны қара гуашьпен салу.  <b>Мүсіндеу:</b>          Қара ермексаздан қарғаның денесін жасау.  <b>Жапсыру:</b>          Қара қағаз бөліктерімен қарға бейнесін құрастыру.  <b>Құрастыру:</b>          Тау басын картоннан және табиғи</p>	<p><b>Танымдық дағдылар</b>  <b>Математика негіздері:</b>          Мақсаты: Пішіндерден құс құрастыру: шеңбер, үшбұрыш.  <b>Қоршаған әлеммен таныстыру:</b>          Құстарға қамқорлық жолдары: жем беру, ұя ілу.          Табиғатқа жанашырлық тәрбиелеу.  <b>Сурет салу:</b>          «Құстарға жем шашу» сюжеті.  <b>Мүсіндеу:</b>          Ермексаздан ұя пішінін жасау.  <b>Жапсыру:</b>          Құстардың ұяларын жапсыру.  <b>Құрастыру:</b>          Ағаш бұтағына ілетін «ұя» макетін құрастыру (картон + табиғи материалдар).</p>

	<p>басты біріктіріп құс бейнесін жасау.</p> <p><b>Жапсыру:</b> Құстың бөліктерін жапсырып құрастыру (қанат, құйрық, тұмсық).</p> <p><b>Құрастыру:</b> Ірі конструкторлардан «құстар алаңын» жасау.</p> <p><i>Шығармашылық дағдылар</i></p>	<p>қалыптастыру.</p> <p><b>Жапсыру:</b> Ұя және торғай бейнесін жапсыру.</p> <p><b>Құрастыру:</b> Табиғи материалдардан торғай ұясын жасау (жапырақ, бұтақша).</p> <p><i>Шығармашылық дағдылар</i></p>	<p>Ермексаздан қанат шығарып көгершін пішінін жасау.</p> <p><b>Жапсыру:</b> Қауырсындарды қағазға орналастырып жапсыру (иллюстрация жасау).</p> <p><b>Құрастыру:</b> Конструктордан «құстар тұрағы» немесе «алаң» салу.</p> <p><i>Шығармашылық дағдылар</i></p>	<p>материалдармен құрастыру.</p> <p><i>Шығармашылық дағдылар</i></p>	<p><i>Шығармашылық дағдылар</i></p>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p>Арслан, Алим, Әмірмен заттарды салыстыруды үйрету</p> <p>Мақсаты: ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыруды үйрету</p> <p><i>Танымдық дағды</i></p>	<p>Әли, Алим, Ақтөре, Сартаймен сан есімдерді ретімен атайды, Мақсаты: Санауға үйрету, нешінші, қанша сөздерін дұрыс қолданып, жауап беруге үйрету</p> <p><i>Танымдық дағды</i></p>	<p>Әли, О.Арсен, М.Арсен теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие; Мақсаты: биіктігі, ұзындығы, ені бойынша құрылыстарды өзгертіп көрсету</p> <p><i>Танымдық дағды</i></p>	<p>Арыстан, С.Әлихан, Т.Алихан, Тасниммен оқиғаларды ойдан құрастырып, таныс шығармалардан үзінділерді сахналауға үйрету</p> <p>Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p><i>Коммуникац. дағ-ды</i></p>	<p>Көркем, Қ.Әміре, Т.Әлихан, Асылыммен құрылыс материалдарының бөліктерін біледі</p> <p>Мақсаты: оларды түрлі тәсілдермен орналастыруға үйрету</p> <p><i>Танымдық дағ-ды</i></p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <i>(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</i></p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><i>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</i></p>				
<b>Серуен</b>	<p>«Қардан көпір»</p> <p><b>Міндеті:</b> Тепе-теңдікті</p>	<p>«Қар домалату»</p> <p><b>Міндеті:</b> Екі қолды</p>	<p>«Ұшты-ұшты»</p> <p><b>(қыстық нұсқа)</b></p>	<p>«Қуаласпақ»</p> <p><b>Міндеті:</b> Тез қимылдау,</p>	<p>«Қар гүлдері»</p> <p><b>Міндеті:</b> Кеңістікте</p>

	сақтау. <b>Шарты:</b> Қардан жасалған жолақтың үстімен тепе-теңдікті жоғалтпай жүру. <i>Денсаулық дағдысы</i>	бірдей қолдану, күшті реттеу. <b>Шарты:</b> Балалар бірге үлкен қар домалағын жасайды. <i>Денсаулық дағдысы</i>	<b>Міндеті:</b> Зейінді, реакцияны дамыту. <b>Шарты:</b> Тәрбиеші айтқан әрекет шын ұшатын зат болса ғана қол көтереді. <i>Денсаулық дағдысы</i>	шапшаңдықты дамыту. <b>Шарты:</b> Белгіленген аумақта бір-бірін қуып жүгіру. <i>Денсаулық дағдысы</i>	бағдарлау. <b>Шарты:</b> Алаңға салынған қардан «гүл» суреттеріне жүгіріп жету. <i>Денсаулық/Танымдық дағды</i>
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <i>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</i> ).				
<b>Кешкі ас</b>	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ( <i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</i> ) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру <i>Бір тұтас тәрбие</i>				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b>	«Асықты іліп алып, түстерді тап» ойыны Мақсаты: Балалар түстерді ажыратып, сәйкестендіріп, орналастырады. Ойын барысы: Балаларды дөңгелек етіп отырғызып, алдына түстері әртүрлі асықтар қойылады. Әр түске сәйкес белгіленген себеттер көрсетіледі.	«Қайсысы артық», сыңарын тап. <i>Танымдық дағдылар</i> «Оюды құрастыру» Мақсаты: Балалардың қазақтың ұлттық ою-өрнек элементтерін танып-білуін дамыту. Қол моторикасын жетілдіру және зейіндерін шоғырландыруға үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға белгілі бір	Сюжетті рөлдік ойындар. «Дүкен» <i>Әлеуметтік дағдылар</i> Артикуляциялы жаттығулар: «Сағат» тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. <i>Коммуникациялық дағды</i>	<i>Желілі - рөлді ойын</i> «Дәрігер» Мақсаты: Балалардың ойынға қызығушылығын арттыру, өз бетінше ойнай білу қабілетін дамыту, ойын үстінде өзін - өзі ұстай білу мәдениетіне, бір - біріне көмектесуге және жағымды қарым - қатынас жасай білуге үйрету. Ойын жағдаятын қалыптастыру <i>Танымдық дағды</i>	<i>Ұлттық ойын ұлт қазынасы</i> «Асық ату» Мақсаты: шапшаңдыққа үйрету. Қазақ халқының ұлттық дәстүріне, салт-санасына қызығушылықтарын арттыру, ойын арқылы бір біріне көмектесуге тәрбиелеу. <i>(Бір тұтас тәрбие)</i>

	<p>Балалар кезек-кезек қысқыш құралды қолданып, жердегі асықтарды алып, сәйкес түске арналған себетке орналастырады. Бір бала асықты ілгеннен кейін кезегі келесі балаға беріледі. <i>Бір тұтас тәрбие</i></p>	<p>үлгі бойынша ою-өрнек жасауға тапсырма береді. Үлгіні тақтаға немесе арнайы карточкаға орналастырады. Балалар сол үлгіге қарап, дайын элементтерді құрастыруы керек. <i>Бір тұтас тәрбие</i></p>			
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) <i>Өнегелі 15 минут</i></p>				

Тексерілген күні: 16.01.2028ж.

Ұсыныстар: *Баланың ойынымен және құрылыммен ояту әр тағарыпта.*

Әдіскер:



## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы (Қаңтар) 4 апта

**Білім беру ұйымы:** Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК

**Топ:** «Балақан» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 26.01.2026-30.01.2026.

**Қаңтар** заң және тәртіп айы

**Тәрбиешілер:** Нургалиева.Г.Б .Омирбекова.Ж.Е

Күн тәртібі	Дүйсенбі 26.01.2026 ж	Сейсенбі 27.01.2026 ж	Сәрсенбі 28.01.2026ж	Бейсенбі 29.01.2026ж	Жұма 30.01.2026ж
<b>Балаларды қабылдау</b>	<p>-Балаларды жылы қарсыалу, ата-аналарымен амандасу                      Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)                      Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу                      Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғытыныш ойындарды ұйымдастыру                      Өлеуметтік қарым-қатынасындамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу)                      Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)  <b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b>                      Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <i>Күй күмбірі</i></p>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<p>Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;                      әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;                      балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.  <b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b>                      Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.                      Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.                      Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.                      Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.</p>				
<b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік,</b>	Балаларға өздеріне ұнайтын заттарды саздан жасап көру ұсынылады. Алға	Сюжетті рөлдік ойындар. «Дүкен» <b>Өлеуметтік дағдылар</b> Артикуляциялы ж	Моншақтарды тізу» Ұсақ заттарды бір жіпке тізіп, балалардың	Асықты іліп алып, түстерді тап» ойыны Балалар түстерді ажыратып, сәйкестендіріп,	«Қайсысы артық», сыңарын тап. <b>Танымдық дағдылар</b> «Оюды құрастыру» Балалардың қазақтың ұлттық ою-өрнек элементтерін танып-

<p><b>шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары</b></p>	<p>шқы қадам ретінде қарапайым фигураларды (доп, ұзыншақ цилиндр, жұлдызша) мүсіндеуге тапсырма беріледі. Кейін балаларға тақырыптық тапсырма беріледі: «Саздан жануарлар жасап көр» «Қазақтың ұлттық бұйымын бейнеле» (мысалы, құмыра, қасық немесе домбыра). <b>Бір тұтас тәрбие</b></p>	<p>аттығулар: «Сағат» тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. <b>Қазақ тілі</b></p>	<p>қолдары жаттығып, шыдамдылық пен зейінділікке үйренеді. Ойын барысы: Алғашқы қадам ретінде, берілген түстерді белгілі бір ретпен тізу (мысалы, қызыл-көк-сары). Кейін пішіндерге негізделген тапсырмалар беріледі: бір түсті немесе бір пішінді моншақтарды тізу. Балаларға өз қиялдары бойынша моншақтарды ретімен тізу ұсынылады (мысалы, білезік немесе сәндік бұйым жасау). <b>Бір тұтас тәрбие</b></p>	<p>орналастырады. Ойын барысы: Балаларды дөңгелек етіп отырғызып, алдына түстері әртүрлі асықтар қойылады. Әр түске сәйкес белгіленген себеттер көрсетіледі. Балалар кезек-кезек қысқыш құралды қолданып, жердегі асықтарды алып, сәйкес түске арналған себетке орналастырады. Бір бала асықты ілгеннен кейін кезегі келесі балаға беріледі. <b>Бір тұтас тәрбие</b></p>	<p>білуін дамыту. Қол моторикасын жетілдіру және зейіндерін шоғырландыруға үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға белгілі бір үлгі бойынша ою-өрнек жасауға тапсырма береді. Үлгіні тақтаға немесе арнайы карточкаға орналастырады. Балалар сол үлгіге қарап, дайын элементтерді құрастыруы керек. <b>Бір тұтас тәрбие</b></p>
---	--	--	--	--	---

<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары.</b>  Б.қ.: «Көбелек қонды»  1. Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп 6 рет қайталау/  Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»  2. Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет қайталау/  Б.қ.: «Қайшы»  3. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./6 рет /  Б. қ.: «Жұлдызша»  4. Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет Тыныс алу жаттығулары: шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.  Бастапқы қалыпқа келу.  Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру</p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <i>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</i></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру  Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері  <i>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</i></p>				
<p><b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b></p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>   <b>Негізгі қимыл:</b>  Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. <b>Міндеті:</b>  Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>   <b>Тақырыбы:</b> «Бауырсақ ертегісі»   <b>Міндеті:</b> «Бауырсақ» ертегісі желісіне байланысты сөздермен</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>   <b>Негізгі қимыл:</b>  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b></p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>   <b>Негізгі қимыл:</b>  Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.  <b>Міндеті:</b> Бірінің артынан бірі сапқа</p>	<p><b>Музыка</b>   <b>Тақырыбы:</b>  « Дәрумендер»   <b>Міндеті:</b>  Музыкаға</p>

	<p>жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Көлшіктегі бақалар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың денсаулықтарын нығайту, дененің икемдігін арттыру.</p>	<p>таныстыру. Зат есіммен етістіктен тіркес құрап айтуға жаттықтыру. «Бауырсақ» ертегісінің желісімен рөлді қазақша сомдауға талпыныс жасату. Ә, Ө, Қ, Ү дыбыстарын дұрыс айтуға және сөз ішінде кездесетін қазақ тілінің төл дыбыстарын анық, дұрыс айтқызып үйрету. Артикуляциялық жаттығулар жасату.</p>	<p><b>Міндеті:</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау, балалар қайталайды және өз элементтерін әкеледі.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Ұйқыдағы түлкі»</p> <p>Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, қырағылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Көлшіктегі бақалар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың денсаулықтарын нығайту, дененің икемдігін арттыру.</p>	<p>әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту.</p>
<p><b>«Гүлдер әлемі»</b> <b>Тіл дамыту:</b> Гүлдің бөліктерін атау: сабақ, жапырақ, гүлбас. Артикуляциялық жаттығу: «ла-ла», «лі-лі». Сурет бойынша сөйлем құрату: «Гүл өсіп тұр». Антонимдер: үлкен–кіші, ашық–қою</p>	<p><b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Шарбақ жанында жатқан доп» <b>Міндеті:</b> Балаларда ауылдағы адамдардың тіршілік ерекшеліктері жөнінде ұғымдар қалыптастыру, шарбақ туралы түсініктерді тиянақтау, үй жануарлары туралы білімдерді жетілдіру. Ермексазды бірнеше рет екі тең бөлікке</p>	<p><b>«Шөп пен жапырақ»</b> <b>Тіл дамыту:</b> Шөптің түсін, жапырақтың пішінін сипаттау. Антонимдер: қысқа–ұзын, жеңіл–ауыр. Сөйлем айту: «Шөп жасыл», «Жапырақ сарғайды». <b>Көркем әдебиет:</b></p>	<p><b>«Бұталар мен өсімдік бөліктері»</b> <b>Тіл дамыту:</b> Бұта, бұтақ, тамыр сөздерін меңгеру. Артикуляциялық жаттығу: «б-б-б», «т-т-т». Сөйлем құрату: «Бұта аласа», «Бұтада жапырақ бар». <b>Көркем әдебиет:</b></p>	<p><b>«Өсімдіктерге қамқор болайық»</b> <b>Тіл дамыту:</b> Өсімдікке күтім жасаудың әрекеттерін атау: су құю, топырақ қопсыту. Антонимдер: таза–лас, жұмсақ–қатты. «Өсімдікті күту</p>	

	<p>(түстер).  <b>Көркем әдебиет:</b>  «Гүл мен көбелек» өлеңін тыңдау.  Гүлдің әдемілігі туралы әңгіме.  Өлеңдегі сөздерді қайталау.  <b>Қазақ тілі:</b>  Қазақша сөздер: гүл, жапырақ, сабақ.  Жуан–жіңішке түбір: гүл көл.  Бұйрық рай: «иіске», «сипа», «көр».  Коммун дағ</p>	<p>бөліп, таяқшаларды есіп, шарбаққа құрастырып, мүсіндеу амалдарын қалыптастыру  <b>«Ағаштармен танысу»</b>  <b>Тіл дамыту:</b>  Ағаш бөліктерін атау: дің, бұтақ, жапырақ.  Артикуляциялық жаттығу: «ду-ду», «да-да».  Сурет бойынша әңгімелеу тәрбиешімен: «Ағаш биік».  Антонимдер: биік–аласа, қалың–жұқа.  <b>Көркем әдебиет:</b>  «Ағаш пен жел» әңгімесін тыңдау.  Кейіпкерлердің әрекеттерін талдау.</p>	<p>Жапырақ туралы шағын өлең тыңдау.  Өлең мазмұнын қысқаша айту.  <b>Қазақ тілі:</b>  Сөздер: шөп, жапырақ, түс.  Жуан–жіңішке дыбыстар: шөп күн.  Бұйрық рай: «жина», «көрсет», «ал».  <b>коммун дағ</b></p>	<p>Өсімдіктер туралы әңгіме тыңдау.  Сұрақтарға жауап беру.  <b>Қазақ тілі:</b>  Көпше түрі: бұталар, жапырақтар.  Бұйрық рай: «жабыстыр», «қой», «тіз».  Түстерді қазақша атау: жасыл, қоңыр, коммун дағ</p>	<p>керек» сөйлемін құрату.  <b>Көркем әдебиет:</b>  «Су құйған бала» әңгімесін тыңдау.  Өсімдіктерді қорғау идеясын түсіндіру.  <b>Қазақ тілі:</b>  Сөздер: су, гүл, тамыр.  Бұйрық рай: «су құй», «ұста», «қой».  Жуан-жіңішке сөздер: гүл көл.  <b>коммун дағ</b></p>
<b>2-ші таңғы ас</b>	2-ші таңғы ас алдында қолдарын сабынмен жуу мәдениетін қалыптастыру. Үстел басында қарапайым мінез құлық дағдыларын қалыптастыру шырын ішу, жеміс жеу кезінде.				
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <i>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</i></p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><i>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</i></p>				
<b>Серуен</b>	<b>Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған</b>	<b>Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).</b>	<b>Сары шымшықты бақылау. (қоршаған</b>	<b>Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Жемшашарға қонған құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>

	<p><b>ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскідегі ағаштарда ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету. <i>"Құстар, құстар, келіңдер"</i>.          Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсандар, Әнді салып беріңдер.          Д. Ахметова  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>          балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.          Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым</p>	<p><b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.          - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.          - Иә, бұл құстар шиқылдайды.          - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>          балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.</p>	<p><b>ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілдерін сары шымшыққа, оның ағаштарға ұшып-қону қимылдарына аудару, құстың кеудесінің түсі сары болуын байқату; зейінді дамыту.  <i>"Сары шымшық."</i>          Сары шымшық шиқылдайды:          - Шиық-шиық, шиық-шиық.          Жылы жаққа ұшпайды,          Суықтан тығылмайды.          Д. Ахметова  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>          балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.          Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балалардың қарды бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.          - Балалар, бәрекелді!          - Қараңдаршы, айналада не жатыр?          - Иә, бұл қар.          - Қар қайда жатыр?          - Айналаның бәрі аппақ.          Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды.          Далаға суық қыс жетті, Аппақ қарды жерге төкті. Қараңдар, ағаш пен шатыр, Барлық жерде қар жатыр.          Д. Ахметова  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>          балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.          Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.  <b>Қимылды ойыны.</b></p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларға құстарды суықта қорекке тойғызу қажеттілігін түсіндіру; құстарға аяушылық сезімін ояту.          - Балалар, қараңдаршы, бұл шемшашар.          - Жемшашарда не бар?          - Иә, жемшашарға құстар қонды.          - Құстар не істейді?          - Дұрыс, құстар жемді шоқиды.          Педагог көркем сөзді оқып береді.          - Батыл екен біздің құстар, Аулада қалады олар қыстап.          Жемшашарға жем шашайық,          Құстарды аялайық.          Дыбыстайды құстар "шиық-шиық",          Жем берейік - "жиіп-жиіп".          Д. Ахметова  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>          балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.          Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға</p>
--	---	---	--	---	--

	<p>еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>"Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды қораздың (этеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі саны сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. - Балалар мен қандай құсты</p>	<p>қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді,</p>	<p><b>«дене-шынықтыру)"Пингвиндер сапта жүру.</b></p> <p>Мақсат-міндеті: Балаларды сапта ақырын ,жылдам жүруді дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>- Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты.</p> <p><b>"Шеңберден шықпа" жаттығуы.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларды алаңға шоқайып отыруды ұсынады: – Торғай, торғай, Шиық-шиық, Лық-лық. Дорбаны ашамыз, Тәтті жем шашамыз. коммун дағ</p>	<p>көрсетемін? - Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар! - Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова - Жарайсыңдар! - Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды? - Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. <b>"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. коммун дағ</b></p>	<p>жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады: - Құстар, құстар, келіндер, Жемді шоқып, теріндер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Өнді салып беріндер. Д. Ахметова Педагог балалар отырып, демалып болғаннан кейін, қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. коммун дағ</p>		
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. <i>(дербес</i></p>				

	<i>қимыл әрекеті).</i>				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Тазалық пен ұқыптылық» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <i>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</i> Қасықты, дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. <i>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</i>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. ( <b>Музыка</b> )				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары</b>	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <i>Сауықтыру жаттығулары:</i> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту) <i>Өзіне-өзі қызмет ету:</i> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <i>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</i> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
<b>Бесін ас</b>	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке сүлгімен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <i>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</i>				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық,</b>	<b>Хореография (вариатив)</b> <b>Математика негіздері:</b> Пішіндерді ажырату:	<b>Математика негіздері:</b> Биік және аласа ағаштарды салыстыру. Шаршы пішінімен	<b>Хореография (вариатив)</b> <b>Математика негіздері:</b> Жапырақтарды көлеміне қарай	<b>Математика негіздері:</b> Бұтаның көлемін салыстыру: үлкен–кіші. «Тең», «бірдей» ұғымдарын бекіту. Тік сызықтарды санау.	<b>Математика негіздері:</b> Ұзын–қысқа сабақтарды салыстыру. Геометриялық пішін: сопақ. <b>Қоршаған әлеммен</b>

<p><b>сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b></p>	<p>дөңгелек гүл басы. Ұзын–қысқа сабақтарды салыстыру. <b>Қоршаған әлеммен таныстыру:</b> Гүлдің топырақта өсетінін түсіндіру. Гүлді күту әрекеті: су құю, топырақ қопсыту. Әдемі гүлдерді жұлмау тәрбиесі. <b>Сурет салу:</b> Қарапайым гүлдің пішінін салу. Қызыл, сары түстерді қолдану. <b>Мүсіндеу:</b> Ермексаздан гүлдің ортасын және жапырақтарын жасау. <b>Жапсыру:</b> Дайын жапырақ, гүл бөліктерін жапсырып «гүлзар» құрастыру. <b>Құрастыру:</b> Конструктор</p>	<p>жұмыс. <b>Қоршаған әлеммен таныстыру:</b> Ағаштың табиғатқа пайдалы екенін түсіндіру. Жапырақтардың түсуі, өзгеруі туралы әңгіме. Ағашты сындырмау тәрбиесі. <b>Сурет салу:</b> Ағаш діңін тік сызықтармен салу. Жапырақтарды жасыл түске бояу. <b>Жапсыру:</b> Дайын жапырақ пішіндерін ағаш силуэтіне жапсыру. <b>Құрастыру:</b> Картон түтігі (дің) + губка (жапырақ) арқылы ағаш моделі. <b>таным дағ</b></p>	<p>салыстыру. «Қанша?» сұрағына жауап: Геометриялық пішіндер арасынан шеңберді табу. <b>Қоршаған әлеммен таныстыру:</b> Шөптің жерде өсетінін, жануарларға азық болатынын түсіндіру. Жапырақтың түсуі мен өзгерісін бақылау. <b>Сурет салу:</b> Тік жасыл сызықтармен шөп бейнесін салу. <b>Мүсіндеу:</b> Ермексазды созып жіңішке шөп тәрізді бөліктер жасау. <b>Жапсыру:</b> Жыртылған қағаздан жапырақ бейнесін жапсыру. <b>Құрастыру:</b> Табиғи</p>	<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру:</b> Бұтаның қайда өсетінін айту. Жапырақтардың бұтада қалай орналасатынын байқау. <b>Сурет салу:</b> Бұта бейнесін домалақ сызықтар арқылы салу. <b>Мүсіндеу:</b> Ермексаздан бұта пішінін жасау, бөліктерін біріктіру. <b>Жапсыру:</b> Бұтаның бөліктерін құрастырылып жапсыру. <b>Құрастыру:</b> Магнит конструкторынан бұтаның қаңқасын құрастыру. таным дағ</p>	<p><b>таныстыру:</b> Өсімдіктерге күтім жасау ережелері. Қоршаған ортаны аялауға үйрету. Топтағы гүлдерді суару тапсырмасы. <b>Сурет салу:</b> Өсімдікке су құйып тұрған көрініс салу. <b>Мүсіндеу:</b> Ермексаздан кішкентай гүл немесе жапырақ мүсіндеу. <b>Жапсыру:</b> Су тамшыларын көк қағаздан қиып жапсыру. <b>Құрастыру:</b> Картон, табиғи материалдар, конструкторлардан «шағын бақша» макетін құрастыру.</p>
--	---	--	--	---	--

	бөлшектері мен картон түтіктерден «гүлзар» макетін жасау. <b>таным дағ</b>		материалдардан «жапырақ кілемшесін» құрастыру.		
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Әлихан С., Қ.Әлихан «Зейінді бол» Мақсаты: төртбұрышты пішіндегі заттарды, оларды дөңгелек пішіндегі бейнелермен сәйкестендіріп бейнелеп үйрету. таным дағд	Әмір,М.Арсен,Тас ним Мақсаты: «Тостаған» сазбалшықтан, ермексаздан, қамырдан мүсіндеуге қызығушылық танытуға дағдыландыру	Сартай,Әли, Жанерке «Ою өрнек» Мақсаты:бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларын үйрету. шығарм дағдылар	Көркем,Әлихан.Қ Мақсаты:әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беріп үйрету.	Әміре,Алим,Әлихан.С Мақсаты: көкөністер-жемістердің, ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттерін салғызуға үйрету шығар дағ
<b>Серуенге дайындық</b>	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <i>(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</i> . Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету <i>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</i>				
<b>Серуен</b>	<b>«Соқпақпен жүру»</b> <b>Міндеті:</b> Қадамды дұрыс басу, қимыл дәлдігін дамыту. <b>Шарты:</b> Қар үстінде салынған	<b>«Кім тез жинайды?»</b> <b>Міндеті:</b> Жылдамдық пен ұйымшылдықты дамыту. <b>Шарты:</b> Қар үстіндегі жұмсақ	<b>«Жыланшық»</b> <b>Міндеті:</b> Тізбектеліп жүру, топпен әрекет ету. <b>Шарты:</b> Балалар бір-бірінің белінен ұстап, «жылан» болып	<b>«Үйге жет»</b> <b>Міндеті:</b> Бағытты тез табу, жүгіру дағдысын жетілдіру. <b>Шарты:</b> Белгі берілгенде әр бала өз «үйіне» (шеңберге) жетіп үлгеруі керек.	<b>«Қардан қаш»</b> <b>Міндеті:</b> Реакцияны дамыту, тез қимылдауға баулу. <b>Шарты:</b> Тәрбиеші ақырын домалатқан қардан балалар қашып үлгеруі тиіс.

	ирек соқпақты дәл басып өту. Денсаулық дағдылары	шарларды екі топ тез жинайды. Денсаулық дағдылары	қозғалады. Денсаулық дағдылары	Денсаулық дағдылары	Денсаулық дағдылары
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <i>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</i> ).				
<b>Кешкі ас</b>	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ( <i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</i> ) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру <i>Бір тұтас тәрбие</i>				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b>	<b>Бақшада не өседі?</b> <b>Дидактикалық ойын.</b> <b>Міндеті:</b> Заттарды өзіндік белгілеріне сәйкес топтастыруды үйрету (өсіп жетілуіне қарай, қолданылуына қарай), ойлау, есту қабілеттерін дамыту. «Отбасымда мереке» коммун д	<b>«Қай жыл мезгілі?</b> <b>Дидактикалық ойын.</b> <b>Міндеті:</b> Балаларды табиғатты өлең жолымен немесе қара сөз түрінде сипатауға үйрету; есту, ойлау қабілеттерін дамыту. «Дүкен» коммун. дағ	<b>«Сипатын тап» Дидактикалық міндет.</b> Балаларды заттарды қарастыруға, көрмей тұрған заттарды еске түсіріп, сипаттауға үйрету. «Аспазшы» коммун. дағ	<b>Сөз қос Дидактикалық ойын Міндеті:</b> Заттардың орнын дұрыс атау; кеңістіктегі бағдарды дамыту. «Аяз атаның көліктері» коммун. дағ.	<b>Сосын не болды?</b> <b>Дидактикалық міндет.</b> Балалардың тәуліктің бөлшектері жайлы, тәуліктің әр уақытында болатын амал-әрекеттер туралы білімдерін бекіту. «Орманда мереке»

<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) <i>Өнегелі 15 минут</i>
-------------------------------	--

Тексерілген күні: *23.01.2020 ж.*

Ұсыныстар: *Балаға өз бетінше әрекет етуіне ықпалдайласу.*

Әдіскер: 

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы (Ақпан) 1 апта

**Білім беру ұйымы:** Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы

бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК

**Топ:** «Балақан» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 02.02.2026 - 06.02.2026

**Ақпан** – жасампаздық пен жаңашылдық айы

**Тәрбиешілер:** Омирбекова Ж.Е., Нургалиева Г.Б.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.02.2026 ж	Сейсенбі 03.02.2026 ж	Сәрсенбі 04.02.2026	Бейсенбі 05.02.2026ж	Жұма 06.02.2026ж
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) <b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b> Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <i>Күй күмбірі «Еркесылқым» (музыка)</i>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Қауіпсіздік және денсаулық мәселелері: -Баланың жеке бас гигиенасы -Жарақаттанудың алдын алу ережелері. Кеңес беру жұмыстары: -Үйдегі күн тәртібін сақтау; -Баланың мінез-құлқы, эмоционалды дамуы туралы;				
<b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</b>	Үстел үсті ойыны Біреу және көп» Міндеті: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету <i>Математика негіздері</i> Балаларға өзіне	Балаларға тұрмыстық заттарды көрсетіп, олардың атаулары мен қолданылу жолдары түсіндіріледі. 2. Балалар заттардың атауын дұрыс табуы немесе оларды жылдам жинауы керек. <i>Бір тұтас тәрбие</i>	Артикуляциялық жаттығулар: «Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. «Тауық» Бала тілімен таңдайын	Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мазайка және т.б <i>Шығармашылық дағдылар.</i>	Орындықтарды жинастыр Өз орындықтарын қою еңбекке баулу <i>Әлеуметтік дағдыларөзіне өзі қызмет ету</i>

	<p>ұнаған ойыншықпен ойнауға мүмкіндік беру .</p> <p><i>Танымдық дағдылар</i></p>		<p>соғып, «ҚЫТ-ҚЫТ-ҚЫТ» дыбысын айтады.</p> <p>Бұл жаттығу тілдің жоғарғы бөлігін белсендіреді.</p> <p><i>Коммуникациялық дағдылар</i></p>		
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).</b></p> <p>1. Б.қ. аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар жалауларын жоғары көтеріп, екі қолын қайшылайды.</p> <p>1.2. Б.қ. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Б.қ. аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, жалауларын қояды.</p> <p>2.2. Б.қ. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Б.қ. жерде отырады, аяқ алшақ, жалау ұстаған қолдары екі жанында.</p> <p>3.1. Аяқтарын жинап, жалауларын ұстаған қолдарымен құшақтайды.</p> <p>3.2. Б.қ. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Б.қ. аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Жалауларын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2 Б.қ. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p>				
<b>Таңғы ас</b>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <i>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті,</i></p>				

	«Біз - ұқыпты баламыз», «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері <i>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</i>				
<b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b>	<p><b>Дене тәрбиесі.</b> <b>Негізгі қимылдар:</b> Жүру. <b>Мақсаты:</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жүппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып,</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Аюлар мен аралар» <b>Мақсаты:</b> Әртүрлі қалыпта тепе-теңдікті сақтап жүруді қалыптастыру.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қуыршақты серуенге жинайық» <b>Міндеті:</b> Киім атауларымен таныстыру. Киім атаулары күнделікті өмірде қолдануға дағдыландыру. «Бұл кім?, Бұл не?» Сұрақтарына қысқаша жауап беруге жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді сәйкестендіріп сақтауға дағдыландыру.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі.</b> <b>Негізгі қимылдар:</b> Жүгіру. <b>Міндеті:</b> қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. <b>Қимылды ойын:</b> «Қоңыздар» <b>Міндеті:</b> Балаларды музыка көмегімен бұйрықтарды орындауға баулу. Аяқ-қол бұлшықеттерін дамыту.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі.</b> <b>Негізгі қимылдар:</b> Жүру. <b>Мақсаты:</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жүппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып,</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Аюлар мен аралар» <b>Мақсаты:</b> Әртүрлі қалыпта тепе-теңдікті сақтап жүруді қалыптастыру.</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Өзіңе және өзгелерге көмектес» <b>Міндеті:</b> Өзі, жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету; үйдегі қауіпсіздік ережелерінің негіздерімен таныстыру.</p>

	<p>«Теңіздер мен мұхиттар әлемінде»</p> <p><b>Тіл дамыту (әрекеті):</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, баяу сөйлеуге үйрету</p> <p>– «Теңіз тыныш», «Толқын баяу қозғалады» деп айту</p> <p>– Сөздік қор: үлкен–кіші, көк, терең</p> <p><b>Көркем әдебиет (әрекеті):</b></p> <p>– «Кішкентай балық теңізде» қысқа әңгімесін тыңдау</p> <p>Міндеті: Кейіпкерге жанашырлық таныту, «Балыққа көмектесейік» ойыны</p> <p><b>Қазақ тілі (әрекеті):</b></p> <p>– Сөздерді тыңдау және түсіну: су, теңіз, балық</p> <p>– Сыпайы сөйлеу: «беріңізші», «рахмет»</p> <p>– «Бұл не?» – «Бұл балық» диалогы</p> <p><b>Коммуникативтік дағды</b></p> <p><b>Математика негіздері (әрекеті):</b></p>	<p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Аяз атаның қабы»</p> <p><b>Міндеті:</b> Балаларға Аяз атаның сопақша немесе дөңгелекке ұқсас қабының суретін салуды үйрету, салынған қаптың сұлбасын сорғыш пен мақта таяқшасы арқылы бояу және безендіруге жаттықтыру.</p> <p>Қаптың сұлбасын өз аясынан шығармай, ашық түсті бояуды сорғышпен жақпалау техникасын жетілдіру; қаптың сұлбасын бормен салып, белгілі элементтер, сызықтар, үзік сызықтар (штрих), дөңгелектермен, толтыру әдістерін меңгерту; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейіннің тұрақтылығын, жағымды эмоцияларды, ой-қиялын дамыту;</p> <p>Теңіздегі тіршілік иелері</p> <p><b>Тіл дамыту (әрекеті):</b></p> <p>Міндеті: Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша</p>	<p>Судың пайдасы</p> <p><b>Тіл дамыту (әрекеті):</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөздерді анық, баяу айту</p> <p>– Грамматикалық құрылым:</p> <p>– зат есімнің жекеше, көпше түрі (<i>балық – балықтар</i>)</p> <p>– өткен шақ: «<i>Балық жүзді</i>»</p> <p>– Сөздік қор: жылдам, баяу, тірі</p> <p>– Қарапайым сөйлемдер құрастыру</p> <p><b>Көркем әдебиет (әрекеті):</b></p> <p>– «Теңіздегі балықтар» тақырыбында суретке сүйеніп әңгімелеу</p> <p>– Кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау</p> <p>– «Егер балық болмаса не болар еді?» ойландыру сәті</p> <p><b>Қазақ тілі (әрекеті):</b></p> <p>– Көрнекілік арқылы сөздерді тыңдау және түсіну: балық, су, толқын</p> <p>– Сұрақтарға жауап беру:</p>	<p>Теңіз көлігі</p> <p><b>Тіл дамыту (әрекеті):</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Сөйлеу қарқынын өзгерту: баяу сөйлеу</p> <p>– Сапаны білдіретін сөздер: мөлдір, терең</p> <p>– Қарапайым сөйлемдер құрастыру</p> <p><b>Көркем әдебиет (әрекеті):</b></p> <p>– «Балық пен кеме» қысқа әңгімесін тыңдау</p> <p>– Кейіпкерлердің әрекеттерін және олардың салдарын талқылау</p> <p><b>Қазақ тілі (әрекеті):</b></p> <p>– Сөздерді байланыстырып айту: <i>кеме жүреді, балық жүзеді</i></p> <p>– Зат есім мен етістікті байланыстыру</p> <p>– Қарапайым өтініш айту: «Маған беріңізші»</p> <p><b>Коммуникативтік</b></p>	<p>Мен теңіз туралы не білдім?</p> <p><b>Тіл дамыту (әрекеті):</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру</p> <p>– «Маған теңіз ұнады»</p> <p>– «Мен балық көрдім»</p> <p>– Өткен шақты қолдану: <i>көрдім, салдым, жапсырдым</i></p> <p>– Сөздік қорды қайталау: теңіз, су, балық, кеме</p> <p><b>Көркем әдебиет (әрекеті):</b></p> <p>– «Теңіз әлемі» тақырыбында қорытынды әңгіме</p> <p>– Кейіпкерлердің әрекеттерін еске түсіру</p> <p>– Жанашырлық пен эмоцияны білдіру</p> <p><b>Қазақ тілі (әрекеті):</b></p> <p>– Қарапайым диалог құру:</p> <p>– «Бұл не?» – «Бұл балық»</p>
--	---	--	--	---	--

<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (жанғақтармен немесе қарағай бүршіктерімен).</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдар төменде.       <ol style="list-style-type: none"> <li>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.</li> </ol> </li> <li>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.       <ol style="list-style-type: none"> <li>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою. Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.</li> </ol> </li> <li>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.       <ol style="list-style-type: none"> <li>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.</li> </ol> </li> <li>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.       <ol style="list-style-type: none"> <li>4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру.</li> </ol> </li> </ol>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі</p>				

	екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері <b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> <b>Негізгі қимыл:</b> <b>Секіру.</b> <b>Міндеті:</b> 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, 3-4 сызықтан аттап (сызықтар арақашықтығы 30-40 см).секіру. бір орыннан ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту; негізгі қасиеттерді- шапшаңдық, ептілікті дамыту; Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. Қимылды ойын: «Бәйге» (Кедергілер арқылы жүгіру) Мақсаты: Балаларды</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы:</b> «Наурыз келді, балалар!» <b>Міндеті:</b> «Наурыз» мерекесіне байланысты жаңа сөздермен қаруландыру. Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге, сөздерді есте сақтауға үйрету. қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге машықтау. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ү, Ұ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. <b>Сурет салу</b> «Қуыршаққа тарақ» Балаларға ұзындығы бірдей тік және</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> <b>Негізгі қимыл:</b> <b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> <b>Міндеті:</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру. Қимылды ойын: "Арқан тартыс": Мақсаты: Бірлік пен күшті дамытуға арналған ұлттық ойын.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> <b>Негізгі қимыл:</b> <b>Секіру.</b> <b>Міндеті:</b> 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, 3-4 сызықтан аттап (сызықтар арақашықтығы 30-40 см).секіру. бір орыннан ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту; негізгі қасиеттерді- шапшаңдық, ептілікті дамыту; Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. Қимылды ойын: «Бәйге» (Кедергілер арқылы жүгіру) Мақсаты: Балаларды</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b> Балаларға Наурыз мерекесі туралы мәлімет беру, салт – дәстүрлерімен таныстыру, мерекені музыкамен байланыстыру. Тыңдау: «Қамажай» (қазақ халық әні), «Халық әні попури» Ән айту: «Наурыз» (А. Досмағамбет Ж. Мұхаммеджанов) Музыкалық ырғақты – қимыл: «Қамажай» Д/о: «Арқан тартыс» Гүрілдей кеп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Там – та – ра –там. Там – та – ра –там. Там – та – ра –там. Там – та – ра –там. Шіңкілдей кеп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Ти –</p>

	шапшандыққа, салауатты өмір салтын сақтауға дағдылау	көлденең сызықтарды қарындашпен салу білігін бекіту; берілген пішіннің үстінің бүкіл жеріне сызықтарды ырғақты түрде жүргізуге жаттықтырып, тарақтың суретін салуды үйрету; түрлі түсті қарындаштармен сурет салуға қызығушылықты ояту; тарақтың шашатаразға қажеттілігі, тарақты күнделікте өмірде қолдану тәртібімен таныстыру; өзінің үсті-басына мұқият қарауға және үнемі ұқыпты жүруге, бір-біріне өзара көмек көрсетуге, байқампаздық, шыдамдылық, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.		шапшандыққа, салауатты өмір салтын сақтауға дағдылау	та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Балалар екі шеңбер жасап тұрады: сыртқы (Үлкен) және ішкі (Кіші.) Ойын басталғанша тәрбиеші өзінің қалауы бойынша үлкен немесе кіші дабылда ойнайды. Үлкен дабылда ойнағанда сыртқы шеңбердегі балалар айналып жүріп әндетеді, кіші дабылда ойнағанда ішкі шеңбердегі балалар айналып жүріп ән салады.
	<p><b>Апталық дәйек сөз:</b>  <i>«Наурыз – береке мен бірліктің мерекесі»</i>  <i>«Наурыз – жаңа жыл»</i>          Коммуникативтік дағды  <b>Тіл дамыту</b></p>	<p><b>«Наурыз көже»</b>          Коммуникативтік дағды  <b>Тіл дамыту</b>          «Көже бар», «дәмді көже» сөз тіркестерін айту.</p>	<p><b>«Тұсау кесу»</b>          Коммуникативтік дағды  <b>Тіл дамыту</b>          «Бала жүрді», «бала өсті» сөз тіркестерін айту.</p>	<p><b>«Ұлттық киімдер»</b>          Коммуникативтік дағды  <b>Тіл дамыту</b>          «Киім әдемі», «тақия бар» сөз тіркестерін айту.</p>	<p><b>«Наурыз мерекесі»</b>          Коммуникативтік дағды  <b>Тіл дамыту</b>          «Наурыз құтты болсын» сөз тіркесін айту.</p>

	<p>Балаларға «Наурыз», «мереке», «жаңа жыл» сөздерін баяу, анық айтқызу.</p> <p>«Наурыз келді» деген екі сөзден тұратын сөйлемді бірге қайталау.</p> <p>Жаңылтпаш айту: «<i>Наурызда нан бар</i>».</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Наурыз туралы қысқа тақпақты тыңдау: «<i>Наурыз келді, Жыл келді, Қуанышпен күн келді</i>»</p> <p>Тақпақ жолдарын суретті тірек арқылы қайталау, таныс сөздерді бірге айту.</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>Қ, ұ дыбыстарын «құтты», «Наурыз», «ұлыс» сөздері арқылы дұрыс айту.</p> <p>Балалардың бір-бірін есімін атап, қарапайым жауап беруіне жағдай жасау.</p>	<p>Сұраққа бір сөзбен жауап беру: <i>дәмді, жылы.</i></p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Қысқа өлең тыңдау: «<i>Көже іштік, Көңілдіміз, Береке боп өміріміз</i>»</p> <p>Балалар таныс сөздерді бірге қайталайды.</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>Зат есім мен сын есімді байланыстырып айту: <i>дәмді көже.</i></p> <p>Ө дыбысын «көже», «дөңгелек» сөздерінде дұрыс айту.</p> <p>Танымдық дағды</p> <p><b>Математика негіздері</b></p> <p>Үлкен және кіші тостағандарды салыстыру, «үлкен–кіші» сөздерін айту.</p>	<p>Баланың алғаш қадам басатыны туралы қарапайым әңгімелеу.</p> <p>Бала жүрді, қадам басты,</p> <p>Алға қарай жол ашты.</p> <p>Жолы болсын, бақ қонсын,</p> <p>Өмірі ұзақ, нұр шашты.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Қысқа өлең тыңдау: «<i>Бала жүрсін, Жолы ашық болсын</i>»</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>Ә дыбысын «әже», «бала», «әдемі» сөздерінде айту.</p> <p>Танымдық дағды</p> <p><b>Математика негіздері</b></p> <p>Алға және артқа бір-екі қадам жасау арқылы бағытты сезіну.</p>	<p>Киім атауларын бір сөзбен атау.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Ұлттық киім туралы қысқа тақпақты тыңдау.</p> <p>Әдемі көйлек киемін,</p> <p>Тақиям бар басымда.</p> <p>Ұлттық киім жарасады,</p> <p>Мерекеде, қасымда.</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>Ү, ә дыбыстарын «үлкен», «әдемі», «көйлек» сөздері арқылы айту.</p> <p>Танымдық дағды</p> <p><b>Математика негіздері</b></p> <p>Киімдерді түсіне қарай салыстыру.</p>	<p>Балалардың қуанышты көңіл күйін сөзбен білдіруі.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Апта бойы тыңдаған тақпақтарды қайталау.</p> <p>Наурыз, Наурыз – тойымыз,</p> <p>Берекелі ойымыз.</p> <p>Құтты болсын мереке,</p> <p>Шаттыққа толы ойынымыз.</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>«Жақсы мереке», «үлкен той» сөз тіркестерін айту.</p> <p>Танымдық дағды</p> <p><b>Математика негіздері</b></p> <p>Бауырсақтарды санау: біреу – көп.</p> <p>Дөңгелек пішінді қайталау.</p>
<b>2-ші таңғы ас</b>	2-ші таңғы ас алдында қолдарын сабынмен жуу мәдениетін қалыптастыру. Үстел басында қарапайым мінез құлық дағдыларын қалыптастыру шырын ішу, жеміс жеу кезінде.				
<b>Серуенге дайындық</b>	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету</b>				

	<p>дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>				
Серуен	<p>Көктемгі серуен</p> <p><b>Бақылау:</b> Ағаш, құс, күнді бірге қайталау.</p> <p><b>Дербес әрекет:</b> Доп ойыны.</p> <p><b>Еңбек:</b> Алаңды реттеу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Кұстар мен мысық».</p>	<p>Күннің жылуы</p> <p><b>Бақылау:</b> Күннің жарқырауын, жылуын сезіну. «Күн жылы ма?», «Аспан қандай?» сұрақтары арқылы тіл дамыту.</p> <p><b>Дербес әрекет:</b> Кұм салғышта еркін ойнау, доппен ойнау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Алаңдағы ойыншықтарды ретімен орналастыру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Күн мен жаңбыр» – Күнде жүгіреді, жаңбырда тығылады.</p>	<p>Қардың еруі</p> <p><b>Бақылау:</b> Еріген қар суын көрсету. Су қайда ағып жатыр?</p> <p><b>Дербес әрекет:</b> Су құю, шелекпен ойнау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Су жиналған жерден ұсақ қоқысты жинау.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Тамшылар» – Ұсақ секіру.</p>	<p>Ауа райы</p> <p><b>Бақылау:</b> Бүгінгі ауа райын сипаттау.</p> <p><b>Дербес әрекет:</b> Еркін ойын.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ойыншықтарды жинау.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Күн шықты» – Қол көтеру.</p>	<p>Табиғаттағы өзгеріс</p> <p><b>Бақылау:</b> Қардың азаюын көрсету.</p> <p><b>Дербес әрекет:</b> Кұм ойыны.</p> <p><b>Еңбек:</b> Қоқысты жинау.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Қояндар» – Қос аяқпен секіру.</p>
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).</p>				
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»</p> <p>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру</p> <p>балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> <p>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.</p> <p>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.</p> <p>Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.</p>				

	Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. ( <b>Музыка</b> )				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары</b>	<b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). <b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
<b>Бесін ас</b>	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b>	Танымдық дағды <b>Математика негіздері</b> Мерекелік заттарды салыстыру: бір табак – көп табак. Дөңгелек пішінді (бауырсақ, табак) қолмен ұстап, көзбен көру арқылы тану.  Әлеуметтік дағды <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Наурыздың көктемде тойланатынын, адамдар	Әлеуметтік дағды <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Наурыз көженің ұлттық тағам екені, қонақтарға берілетіні туралы айту.  Шығармашылық дағды <b>Сурет салу</b> Қоңыр, сары түстермен тостағандағы көжені саусақпен салу.	Әлеуметтік дағды <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Тұсау кесу – баланың жолы ашық болсын деген ниетпен жасалатын дәстүр екенін айту.  Шығармашылық дағды <b>Сурет салу</b> Қағаз бетіне сызықтар арқылы «жол» салу. <b>Жапсыру</b> Дайын аяқ іздерін жол	Әлеуметтік дағды <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Ұлттық киімді мерекеде, тойда киетінін айту.  Шығармашылық дағды <b>Сурет салу</b> Ұлттық көйлекті тұтас қағаз бетіне саусақпен бояу. <b>Жапсыру</b> Дайын көйлек пішінін жапсырып, қарапайым	Әлеуметтік дағды <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Наурызда адамдар қонақ күтіп, бір-біріне жақсы тілек айтатынын айту.  Шығармашылық дағды <b>Сурет салу</b> Балалар тұтас қағаз бетіне өз бетінше Наурыз мерекесін бейнелейді. <b>Жапсыру</b>

	<p>бір-біріне жақсы тілек айтатынын түсіндіру.</p> <p><b>Шығармашылық дағды</b></p> <p><b>Сурет салу</b> Тұтас қағаз бетіне сары түспен дөңгелек бауырсақтарды саусақпен салу, бейнені ортасына орналастыру.</p> <p><b>Жапсыру</b> Дайын дөңгелек пішіндерді жапсырып, «Наурыз дастарханы» жасау.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> Пластилиннен домалақтау арқылы бауырсақ жасау.</p> <p><b>Құрастыру</b> Ірі текшелерден «дастархан» құрастырып, ойыншықтарды орналастыру.</p>	<p><b>Жапсыру</b> Дайын тостаған мен дән пішіндерін жапсыру.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> Пластилиннен домалақ дәндер жасап, тостағанға салу.</p> <p><b>Құрастыру</b> Құрылыс бөлшектерінен «ас үй» бұрышын құрастыру.</p>	<p>бойына жапсыру.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> Пластилиннен ұзынша жіп жасап, тұсау бейнелеу.</p> <p><b>Құрастыру</b> Текшелерден «жол» құрастырып, қуыршақты жүргізу.</p>	<p>ою элементтерімен безендіру.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> Пластилиннен домалақ түйме жасау.</p> <p><b>Құрастыру</b> Қуыршаққа арналған «киім ілетін орын» құрастыру.</p>	<p>Апта бойы жасаған пішіндерден ұжымдық «Наурыз» панносын жасау.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> Әр бала бір домалақ пішін жасап, ортақ дастарханға қосады.</p> <p><b>Құрастыру</b> Барлық құрылыстарды біріктіріп, «Наурыз ауылы» құрастыру.</p>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p>Көркем, Әміре, Әлихан</p> <p><b>Іс-әрекет: «Мозаика құрастыру»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Түстерді ажырату, ойлау қабілетін дамыту, ұсақ моториканы жетілдіру.</p> <p>Барысы: Балаларға түрлі түсті мозаика</p>	<p>Берікұлы Әлихан, Глеубек Алихан</p> <p><b>Іс-әрекет: «Сурет салу бұрышы»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Шығармашылық қабілетін дамыту, қиялын жетілдіру.</p> <p>Барысы: Балаларға</p>	<p>Әміре, Қ.Әлихан, Оралхан Арсен</p> <p><b>Іс-әрекет: «Кітап қарау»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Тіл дамыту, қызығушылығын арттыру.</p> <p>Барысы: Балаларға ертегі кітаптары</p>	<p>Көркем, Әміре, Мирасұлы Арсен</p> <p><b>Іс-әрекет: «Пазл құрастыру»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Логикалық ойлауын дамыту, зейінін арттыру.</p> <p>Барысы: Балаларға жеңіл пазлдар беріледі.</p>	<p>Тасним, Әмір, Алихан</p> <p><b>Іс-әрекет: «Құрылыс ойыны»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Құрастыру қабілетін дамыту, бірлесіп ойнауға үйрету.</p> <p>Барысы: Балаларға құрылыс кубиктері</p>

	немесе конструктор беріледі. Балалар өз қалауы бойынша гүл, үй, күн сияқты бейнелер құрастырады.	қағаз, қарындаш, бояу беріледі. Балалар өздері қалаған суретті салады (гүл, күн, үй, жануар).	ұсынылады. Балалар суреттерін қарап, бір-біріне не көргенін айтып береді.	Балалар өз бетімен суретті толық құрастырады.	беріледі. Балалар үй, көпір немесе қала құрастырады.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киімдегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b> Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Серуен</b>	<b>Бақылау</b> «Жылғалар» <b>Шарты:</b> Жерге сызықтар сызылады. Балалар сызық бойымен тепе-теңдік сақтап жүреді.	<b>Бақылау</b> «Жылы-суық» <b>Шарты:</b> «Жылы» дегенде жүгіреді, «Суық» дегенде бүрісіп тоқтайды.	<b>Бақылау</b> «Қарды жина» <b>Шарты:</b> Ақ доптар (қар) шашылады. Балалар тез жинап, белгіленген орынға апарады.	<b>Бақылау</b> «Көктемгі жел» <b>Шарты:</b> Балалар жеңіл жүгіріп жүреді. Белгі бойынша бағыттарын өзгертеді.	<b>Бақылау</b> «Тамшыдан көлшікке» <b>Шарты:</b> Бір-бірден секіріп келіп, шеңбер ішінде жиналады (көлшік).
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау <b>(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</b>				
<b>Кешкі ас</b>	Ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b>	<b>«Сақина салу».</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың қимыл белсенділігін, ойында ынтасын арттыру. <b>К/к құралдар:</b>	<b>«Ұшты-ұшты!»</b> <b>Мақсаты :</b> есте сақтау, мұқият болу қабілеттерін дамытады, өнерлі	<b>«Арқан тарту»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды топтасып жұмыс істеп, бір-біріне	<b>«Сақина салу».</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың қимыл белсенділігін, ойында ынтасын арттыру. <b>К/к құралдар:</b>	<b>«Арқан тарту»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды топтасып жұмыс істеп, бір-біріне

	<p>сақина. <b>Шарты:</b> Дөңгелек ортасында тұрған жүргізуші, алақанының арасына сақинаны салып, қалған ойыншылардың алақандарына салған болып шығады. Ойыншылардың біреуінің алақанына сақинаны салып: «Менің сақинам қайда?»- деп дауыстап сұрайды. Сұрақты естіген соң, сақинаны алған бала ортадан жүгіріп шығуы қажет. Ойын шарты бойынша көршісінің міндеті сақинасы бар баланы ұстап жібермеуі керек. Жылдамдықты, ептілікті баулитын, өнерлерін жұрт алдында көрсете алуға үйрететін бұл ойынды балалар, әсіресе қызыға ойнайды</p>	<p>болуға баулу.</p> <p><b>Барысы.</b> Ойын бастаушы бала оған қатысушыларды жаңылыстыру үшін тез-тез ұшатын, ұшпайтын заттарды араластырып айтады. Шарт бойынша ойнаушылар ұшатын заттарға ғана қолын көтеруге тиісті. Олар ұшпайтын затқа қолын көтеріп қалса, айыбына өз өнерін көрсетеді (немесе сабақтың ерекшелігіне байланысты сұрақтарға жауап береді). Ойын бастаушы негізінен адамдарды былайша жаңылыстырады:</p> <p>Ұшты, ұшты – қарға ұшты! (ұшады)</p> <p>Ұшты, ұшты – балға ұшты! (ұшпайды)</p> <p>Ұшты, ұшты – тырна ұшты! (ұшады)</p> <p>Ұшты, ұшты – тырма</p>	<p>көмектесуге үйретеді.</p> <p><b>К/к құралдар:</b> арқан.</p> <p><b>Шарты:</b> Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Ортасында арқан алынады. Тәрбиешінің дабыл бойынша әр топ өз жағына арқанды тартады. Белгіленген сызықтан арқанды тартып алған топ жеңеді.</p>	<p>сақина. <b>Шарты:</b> Дөңгелек ортасында тұрған жүргізуші, алақанының арасына сақинаны салып, қалған ойыншылардың алақандарына салған болып шығады. Ойыншылардың біреуінің алақанына сақинаны салып: «Менің сақинам қайда?»- деп дауыстап сұрайды. Сұрақты естіген соң, сақинаны алған бала ортадан жүгіріп шығуы қажет. Ойын шарты бойынша көршісінің міндеті сақинасы бар баланы ұстап жібермеуі керек. Жылдамдықты, ептілікті баулитын, өнерлерін жұрт алдында көрсете алуға үйрететін бұл ойынды балалар, әсіресе қызыға ойнайды</p>	<p>көмектесуге үйретеді.</p> <p><b>К/к құралдар:</b> арқан.</p> <p><b>Шарты:</b> Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Ортасында арқан алынады. Тәрбиешінің дабыл бойынша әр топ өз жағына арқанды тартады. Белгіленген сызықтан арқанды тартып алған топ жеңеді.</p>
--	---	--	---	---	---



## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы (Наурыз) 4апта

**Білім беру ұйымы:** Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК

**Топ:** «Балақан» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 26.03.2026 - 27.03.2026

Наурыз – тәуелсіздік пен отаншылдық айы

Тәрбиешілер: Омирбекова Ж.Е., Сейтказина З.Ж.

Күнтәртібі	Дүйсенбі <b>23.03.2026 ж</b>	Сейсенбі <b>24.03.2026 ж</b>	Сәрсенбі <b>25.03.2026</b>	Бейсенбі <b>26.03.2026ж</b>	Жұма <b>27.03.2026ж</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	<p>Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу                      Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)                      Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу                      Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру                      Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)                      Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)  <b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b>                      Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <i>Күй күмбірі «Еркесылқым» (музыка)</i></p>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<p>Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;                      әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;                      балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.  <b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b>                      Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.                      Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.                      Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.                      Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.</p>				
<b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік,</b>				<b>Топ ішінде: Балалардың ойыншық үшін таласпай ойнауын үнемі</b>	Қатармен, асықпай жүру. Тұтқадан ұстау. Бір-бірін

шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары			қадағалау. Жүгіріп соқтығыспау, бір-бірін итермеу, заттарды лақтырмау. <b>Топ алаңында:</b> Кезекпен ойнау. Тербелгіште, сырғанақта тәртіп сақтау. Құлап қалған балаға көмектесу. <i>Қауіпсіздік ережелері</i>	итермеу. Жүгірмеу, секірмеу. Баспалдақпен түсіп-шыққанда, топта, топ алаңында бір-бірін итермеу жөнінде әңгімелеу. <i>Қауіпсіздік ережелері</i>
Ертеңгілік жаттығу	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (жаңғақтармен немесе қарағай бүршіктерімен).</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдар төменде.       <ol style="list-style-type: none"> <li>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.</li> </ol> </li> <li>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.       <ol style="list-style-type: none"> <li>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою. Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.</li> </ol> </li> <li>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.       <ol style="list-style-type: none"> <li>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.</li> </ol> </li> <li>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.       <ol style="list-style-type: none"> <li>4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру.</li> </ol> </li> </ol> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>			
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері</p>			

	<b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Кестеге сәйкес ҮІӘ</b>				<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Негізгі қимыл:</b>  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b>  <b>Міндеті:</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.  <b>Маршпен жүру:</b> Музыканы және екпінді ойнағанда, тізені жоғары көтеріп маршпен жүру. Аяқтың ұшымен жүру: Музыка ақырын және нәзік шыққанда (мысалы, пианиноның жоғарғы дыбыстары), "тышқанша" аяқтың ұшымен басу.  <b>Жеңіл жүгіріс:</b> Музыка жылдамдағанда, жеңіл аяқпен шеңбер бойымен жүгіру. Музыканың екпініне бейімделуді үйренеді.  <b>Қимылды ойын</b> «Тоқта - Биле!»  <b>Мақсаты:</b> балалардың шығармашылық қиялын, іс-қимылын дамытады. Музыка ойнап тұрғанда</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Нұр төккен, гүл көктем»  <b>Міндеті:</b> Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтылығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.</p>

				балалар билейді. Музыка тоқтаған сәтте, олар қандай да бір бейнеде (аң, құс, мамандық иесі) қатып қалуы керек.	
				<p><b>Апталық дәйек сөз:</b> «Ертегі – тәрбие бастауы»</p> <p><b>«Қызыл телпек» ертегісі</b></p> <p><b>Коммуникативтік дағды</b></p> <p><b>Тіл дамыту</b> Балаларға «Қызыл телпек» сөзін баяу, анық айтқызу. «Қызыл телпек әжесіне барды» сөз тіркесін қайталау. Кейіпкердің дауысын сәл өзгертіп айту (бауырсақ – жіңішке, ата – жай).</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> «Қызыл телпек» ертегісін қысқартылған түрде тыңдау. Ең қызықты жерін бірге қайталау: «Мен Қызыл телпекпін!» Суретті тірек арқылы кейіпкерлерді тану.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Қ, р дыбыстарын «қасқыр», сөздері арқылы айту. Сұраққа бір сөзбен жауап беру: <i>кім? не?</i></p>	<p><b>«Үйшік» ертегісі</b></p> <p><b>Коммуникативтік дағды</b></p> <p><b>Тіл дамыту</b> «Тышқан», «бақа» сөздерін анық айту. «Тышқан шиқылдады» сөз тіркесін қайталау. Кейіпкерлердің дауысын ажыратып айту (бақа – бакылдады).</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> «Үйшік» ертегісін қысқаша тыңдау. Таныс сөздерді бірге қайталау: тышқан, бақа, қоян, қасқыр, түлкі, аю.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Ү, қ дыбыстарын «үйшік», «бақа» сөздері арқылы айту. Зат есім + етістік: Бақа-бакылдады, тышқан шиқылдады.</p> <p><b>Танымдық дағды</b></p>

					<b>Математика негіздері</b> Бір бақа – көп аңдар суреттерін салыстыру. Таңертең және кешке ұғымдарын кейіпкерлер әрекеті арқылы айту.
<b>2-ші таңғы ас</b>	2-ші таңғы ас алдында қолдарын сабынмен жуу мәдениетін қалыптастыру. Үстел басында қарапайым мінез құлық дағдыларын қалыптастыру шырын ішу, жеміс жеу кезінде.				
<b>Серуенге дайындық</b>	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <i>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</i> Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету <i>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру,</i>				
<b>Серуен</b>				<p><b>Бақылау:</b> Көктемгі ауа райындағы өзгерістерді бақылау Мақсаты:Қарлар еріп, арықтардан аққанын, күннің жылынғанын аңғартып бақылау</p> <p><b>Дербес әрекет:</b> Қайықтарды қағаздан жасалған еріген суларға жіберіп, бақылау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Бұтақтар жинауға тәрбиешімен бірлесе көмектесу, еңбекке талпыну..</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> Күн жылынды»</p>	<p><b>Бақылау:</b> Күннің жылуы Мақсаты:Күннің жарқырауын, жылуын сезіну. «Күн жылы ма?», «Аспан қандай?» сұрақтары арқылы тіл дамыту.</p> <p><b>Дербес әрекет:</b> Құм салғышта еркін ойнау, доппен ойнау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Алаңдағы ойыншықтарды ретімен орналастыру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Бұлт пен күн»</p> <p><b>Шарты:</b> «Күн»</p>

				<b>Шарты:</b> Балалар алаңда жүреді. «Күн шықты!» дегенде қолдарын жоғары созып жылынады, «Суық жел!» дегенде бүрісіп отыра қалады.	дегенде еркін жүгіреді, «Бұлт» дегенде бір жерге жиналып тұра қалады.
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ( <i>дербес қимыл әрекеті</i> ).				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Тазалық пен ұқыптылық» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <i>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну», «Әжемнің ертегілері», Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</i> Қасықты, дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. <i>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</i>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Әлди әлди»( <i>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</i> ) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. ( <i>Музыка</i> )				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары</b>	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <i>Сауықтыру жаттығулары:</i> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту) <i>Өзіне-өзі қызмет ету:</i> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <i>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</i> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
<b>Бесін ас</b>	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке сүлгімен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып				

	сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <i>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну», «Әжемнің ертегілері», аудиотаспадан ертегі тыңдау Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</i>		
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>			<p><b>Танымдық дағды</b> <b>Математика негіздері</b> Бір бауырсақ және көп бауырсақты салыстыру. Бауырсақтың дөңгелек пішін екенін көрсету.</p> <p><b>Әлеуметтік дағды</b> <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Ертегі кейіпкерлерінің жануар екенін айту (қоян, аю, түлкі). Жақсы және жаман әрекеттер туралы қысқаша түсіндіру.</p> <p><b>Шығармашылық дағды</b> <b>Сурет салу</b> Тұтас қағаз бетіне сары түспен саусақ арқылы дөңгелек бауырсақ салу. <b>Жапсыру</b> Дайын дөңгелек пішінді жапсырып, «Бауырсақ» бейнесін жасау. <b>Мүсіндеу</b> Пластилиннен домалақтау арқылы бауырсақ мүсіндеу.</p> <p><b>Әлеуметтік дағды</b> <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Үй жануары – мысық туралы әңгімелеу. Үй жануарларына қамқор болу керектігін түсіндіру.</p> <p><b>Шығармашылық дағды</b> <b>Сурет салу</b> Тұтас қағаз бетіне саусақпен мысықтың қарапайым бейнесін салу. <b>Жапсыру</b> Дайын мысық және тостаған пішіндерін жапсыру. <b>Мүсіндеу</b> Пластилиннен домалақ жасап, мысықтың басын бейнелеу. <b>Құрастыру</b> Құрылыс бөлшектерінен «мысықтың үйі» құрастыру.</p>

				<b>Құрастыру</b> Ірі текшелерден «жол» құрастырып, бауырсақты домалату.	
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>				<b>Алим,Әміре</b> Суретпен жұмыс <b>Жұмыс:</b> Көктем суретті сипаттау (1 сөз).	<b>Көркем, Тасним,Азиза</b> <b>Жұмыс:</b> Түрлі- түсті пішіндер, пішінді көрсету, түсін атау.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Серуен</b>				«Мұз сынды» <b>Шарты:</b> Балалар тік тұрады (мұз). «Сынды!» дегенде алаңға жайылып жүреді.	«Көктемгі лай» <b>Шарты:</b> Жерге шеңберлер (лай) қойылады. Балалар секіріп өтіп, лайға баспай жүруі керек.
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <i>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</i> ).				
<b>Кешкі ас</b>	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету( <i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</i> ) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру <i>Бір тұтас тәрбие «Әжемнің ертегісі» «Ақ көңіл қонжық» аудио таспадан ертегі тыңдау</i>				

<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b></p>			<p>«Бешпет пен тақияның жарты бөлшегін тап»  үстел-үсті ойыны  <b>Мақсаты:</b> Балалар киімдердің жартысын тауып топтастырады, сәйкестендіріп, орналастырады, атын атапйды.  <b>Ойын барысы:</b> Балаларды дөңгелек етіп отырғызып, алдына бешпет пен тақияның жарты бөліктері қойылады.  Әр киімнің жартысын тауып толықтырады  <i>Бір тұмас тәрбие</i></p>	<p><i>Ұлттық ойын ұлт қазынасы</i>  «Кім мерген». (асық ату)  <b>Мақсаты:</b>  шапшаңдыққа үйрету. Қазақ халқының ұлттық дәстүріне, салт-санасына қызығушылықтарын арттыру, ойын арқылы бір біріне көмектесуге тәрбиелеу.  <i>(Бір тұмас тәрбие)</i></p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) <b>Өнегелі 15 минут</b></p>			

Тексерген күні: 20.03.2026

Ұсыныс: Күн сайын сөйлеуді дағдылау (сұрау-жауап, таурау)

Әдіскер: Аманжол

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы Сәуір 1 апта

**Білім беру ұйымы:** Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК

**Топ:** «Балақан» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 30.03 – 03.04.2026 ж

**Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

**Тәрбиешілер:** Сейтказина З.Ж. Омирбекова Ж.Е.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 30.03.2026 ж	Сейсенбі 31.03.2026 ж	Сәрсенбі 01.04.2026 ж	Бейсенбі 02.04.2026ж	Жұма 03.04.2026 ж
<b>Балаларды қабылдау</b>	<p>Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу  Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)  Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу  Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру  Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (күрдастарымен амандасу, әңгімелесу)  Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)  <b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b>  Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <b>Күй күмбірі</b></p>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<p>Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;  әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;  балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.  <b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b>  Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.  Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.  Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.  Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.</p>				

<p><b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары</b></p>	<p>Баспалдақпен түсіп-шыққанда, топта, топ алаңында бір-бірін итермеу жөнінде әңгімелеу. <b>Қауіпсіздік ережелері</b></p>	<p><b>Сюжеттік ойын:</b> «Қуыршақты ұйықтатамыз» Тәрбиеші: «Қуыршақ шаршады, оны ұйықтатайық» <b>Балалар:</b> қуыршақты төсегіне жатқызады көрпемен жабады «Әлди-әлди» деп айтады <b>Сөздер:</b> «Ұйықта» «Жақсы ұйықта»</p>	<p>Зейінді дамыту. Баланың алдына 3-4 зат қойып, оларды есте сақтауын сұрау Кейін біреуін алып тастап, "Қай зат жоқ?" деп сұрау <b>Танымдық дағдылар</b></p>	<p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын: «Қуыршақты тамақтандырамыз»</b> Тәрбиеші балаларға қуыршақты көрсетеді: «Балалар, біздің қуыршағымыз аш болып тұр. Оны тамақтандырайық» <b>Балалар рөлдерді бөліседі:</b> – ана – әке – тәрбиеші (немесе барлығы бірге) <b>Балалар:</b> – қуыршақты отырғызады – қасықпен «тамақ береді» – су ішкізеді – «жақсы сөздер» айтады <b>Мысалы:</b> – «Аузыңды аш» – «Жарайсың» – «Дәмді ме?»</p>	<p><b>"Кім қайда тұрады?"</b> Жануарлар мен олардың мекендейтін орындарын үйрету. "Балық қайда тұрады?" – "Суда!" "Қасқыр қайда тұрады?" – "Орманда!" "Сиыр қайда тұрады?" – "Аулада!" <b>Әлеуметтік, танымдық дағдылар</b></p>
<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (заттарсыз)</b> Бастапқы қалып - аяқтары иық деңгейінде, қолдары кеуде тұсында, шынтақтары бүгілген, саусақтары жұдырыққа түйілген. Осы күйінде қолдарын айналдыру. Қолдарын кезек айналдырады. Бастапқы қалып - аяқтары сәл ашылған, қолдары артқа қарай жіберілген. Отырып, қолдарымен тізесін құшақтау, тұру, қолдарын артқа жіберу және т.с.с. Бастапқы қалып - аяқтарын ашып отыру, қолдарын жанға жіберу.</p>				

	<p>артқа жіберілген. Еңкейіп, аяқтарының ұштарына қолдарын тигізу, тік тұру, қолдарды артқа қарай жіберу, қайтадан алғашқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып - аяқтарын тік түзеп отыру, қолдарын артқа тіреу. Оң аяқты көтеру, түсіру. Сол аяқты көтеру түсіру. Бастапқы қалып - аяқтарын қосу, қолдарын беліне қойып секіру</p>				
<b>Таңғы ас</b>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері <b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>				
<b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b>	<b>Дене тәрбиесі</b>	<b>Қазақ тілі</b>	<b>Дене тәрбиесі</b>	<b>Дене тәрбиесі</b>	<b>Музыка</b>
	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> Жүру. <b>Міндеті:</b> Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру. Тепе - теңдікті сақтап жүру, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың үстімен құм салынған қапшықты басқа</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Әжемнің дастарқаны» <b>Міндеті:</b> Ұлттық тағамдар атауымен таныстыру. Тақпақ, ән жаттату, тілек айтуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге машықтау. Сөз ішіндегі қазақ тіліне</p>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> Жүру. <b>Міндеті:</b> Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру. Тепе - теңдікті сақтап жүру, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың үстімен құм салынған қапшықты басқа</p>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> Жүгіру. <b>Міндеті:</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; Қимылды ойын: « <b>Ақ серек, көк серек</b> » Мақсаты: Жүгіру дағдыларын жетілдіруі</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Музыкалық моншақтар» <b>Міндеті:</b> Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен</p>

	<p>қойып, қолды созып жүру.  <b>Қимылды ойын:</b>  <b>« Бақалар »</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды жылдамдыққа, зейінділікке баулу.</p>	<p>тән Ү, Ұ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру.  <b>Сурет</b>  <b>Тақырыбы: «Сағат»</b>  Балаларға қара қарындашпен алдын ала салынған ортадағы шеңбер сұлбасындағы бөлшекті ердің арасындағы арақашықтықты сақтай отырып, қылқаламмен безендіру білігін қалыптастыру және сағат бейнесін құрастырып салуға ынталандыру; белгілі бір тәртіпті сақтап қылқаламмен дақтар жағып қалдыру техникасын бекіту; көру арқылы бақылау дағдысын қалыптастыру; уақытты бағдарлау білігін, тәулік уақыттарын атау білігін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын, зейін тұрақтылығын, ақыл-ой қабілетін</p>	<p>қойып, қолды созып жүру.  <b>Қимылды ойын:</b>  <b>« Бақалар »</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды жылдамдыққа, зейінділікке баулу.</p>	<p>топтық іс -әрекетті дамыту.</p>	<p>және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.</p>
--	---	--	---	------------------------------------	--

		дамыту; балаларға суреттің нәтижесін көру білігін және жағымды сезімдер сезінуге, шыдамдылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b></p>	<p><b>Сюжеттік рөлдік ойын: «Шаштараз»</b>          Мақсаты: ойын желісін өздігінен дамыта білуді, тақырыбын келісіп алуды, рөлдерді бөлісе білуді қалыптастыруды жалғастыру.          Ойында рөлдік өзара әрекеттестікті құруға және рөлдік өзара қарым-қатынастарды меңгеруге мүмкіндік туғызу.</p>	<p><b>Музыкалық аспаптармен ойындар,</b> ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.          Музыка.          Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.          Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p>	<p><b>Кітап бұрышында:</b> өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.          Қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет.          Міндеттері: Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p>	<p><b>Сюжеттік рөлдік ойын: «Құрылысшылар».</b>          Мақсаты: Ойын жоспарларына сәйкес іс-әрекетпен айтыс-тартысты әділдікпен шешу, сюжетке сәйкес конструктор, құрылыс материалдарын қолданып келісіммен берілген рөлдерді бөліп ойнауға үйрету.</p>	<p><b>Сюжеттік - рөлдік ойын «Отбасы»</b>          Мақсаты: Балаларға «Отбасы» түсінік беру олардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту, әдептілікке, сыпайылыққа, мейірімділікке, үлкенге көмек көрсетуге, баулуға тәрбиелеу. Ойынды қызықты, ұйымшыл ойнауға үйрету.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>"Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?" тақырыбында әңгімелесу.          «Табиғатқа қамқор боламыз» экологиялық акциясы.</p>				

Тексерген күні: 03.04.2026

Ұсыныс: Айылымда ойындарды балалардың жас ерекшелігіне сай ойнату

Әдіскер: Данк

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Сәуір 3 апта**

**Білім беру ұйымы:** Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК

**Топ:** «Балақан» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 13.04.2026 - 17.04.2026

**Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

**Тәрбиешілер:** Сейтказина З.Ж  
Омирбекова Ж.Е.

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі 13.04.2026 ж</b>	<b>Сейсенбі 14.04.2026 ж</b>	<b>Сәрсенбі 15.04.2026</b>	<b>Бейсенбі 16.04.2026ж</b>	<b>Жұма 17.07.2026ж</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	<p>Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу                      Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)                      Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу                      Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру                      Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу)                      Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)  <b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b>                      Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <b>Күй күмбірі</b></p>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<p>Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;                      әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;                      балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.  <b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b>                      Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.                      Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.                      Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.                      Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.</p>				
<b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық,</b>	«Әдемі кілемшелер бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін	«Таныс пішіндер доминосы» геометриялық пішіндер жайлы	«Өз үйіңді тап» түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның	«Зейінді бол» Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты,	«Мынау қай пішін?» Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.

эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. <b>Танымдық дағдылар</b>	білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. <b>Танымдық дағдылар</b>	ережесін сақтауға үйрету <b>Танымдық дағдылар</b>	шеңберді көрсете білу. <b>Танымдық дағдылар</b>	<b>Танымдық дағдылар</b>
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).</b></p> <p>1. Бастапқы қалып - аяқ алшак, дене тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып.</p> <p>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып.</p> <p>1.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып - аяқ алшак, дене тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауларын сермеп "жаса" деген сөзді айтады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшак, жалаулар тізе үстінде.</p> <p>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауларын жоғары желбіретіп "тербе" деген сөзді айтады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p>				
<b>Таңғы ас</b>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру</p> <p>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері</p> <p><b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>				

<p><b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b></p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Негізгі қимыл:</b>  <b>Секіру.</b> Аяқты бірге, алшақ қойып аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру)секі 15-20 см биіктіктен секіру үйрету; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу..</p> <p><b>Қимылды ойын:</b>  <b>«Ақ қоян»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға,секіру қабілетін дамыту, қарапайым ережелерді сақтауға баулу.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Сыпайы сөздер»</b>  <b>Міндеті:</b> Сыпайы сөздер қатарын молайту. Сыпайы сөздерді орынды пайдалануға машықтау. Сыпайы сөздерді күнделікті өмірде қолдануға дағдыландыру. Ү,Ұ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Аталған дыбыстар кездесетін сөздер айтқызып жаттықтыру. Сөз ішінде кездесетін қазақ тілінің төл дыбыстарын анық, дұрыс айтқызып үйрету. Артикуляциялық жаттығулар жасату.</p> <p><b>Сурет</b>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Көктем сыйлаған көйлек»</b>  Балаларды көйлек сұлбасының ортасы мен шеттеріне қарапайым өрнек</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Негізгі қимыл:</b>  <b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b>  <b>«Күн мен жанбыр»</b>  <b>Мақсаты:</b> Белгіні тыңдай білуге және кеңістікті бағдарлауға дағдылау.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Негізгі қимыл:</b>  <b>Секіру.</b> Аяқты бірге, алшақ қойып аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру)секі 15-20 см биіктіктен секіру үйрету; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу..</p> <p><b>Қимылды ойын:</b>  <b>«Ақ қоян»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға,секіру қабілетін дамыту, қарапайым ережелерді сақтауға баулу.</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>«Нұр төккен, гүл көктем»</b>  Өн тыңдау:  <b>«Көктем»</b>(Өлеңін жазған: Т. Исабеков; музыкасын жазған: Д. Гусинцов)  <b>Өн айту:</b>Көктем келді ( Б.Бейсенова)  Музыкалық ырғақты – қимыл: «Гүлдер» биі Аспапта ойнау: «Біз өмірдің гүліміз» (Б. Физатов) Д/о:Гүлдер Көктемдегі көріністер, қараторғай суреті.  <b>Ойын:</b> Түстері бірдей,әртүрлі көлемдегі сары қоңыраулар суреті салынған карточкалар үлестіріледі. Шығарманы тыңдап, төменгі дыбысқа үлкен қоңырау, орташа дыбысқа орташа қоңырау, жіңішке дауыстағы әуенге кіші қоңырау бейнеленген сәйкес карточканы көрсетеді.</p>
----------------------------------	--	--	--	--	---

		<p>элементтерінің суретін салуға жаттықтыру; балаларға жіңішке сызықтарды жасыл бормен (гүлдің сабағы), сопақшаларды (гүлшанақ) саусақпен салуды үйрету; өрнек үлгісінің заңдылығын көруді үйрету; саусақпен сурет салу техникасын жаттықтыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; сәндік сурет салуға қызығушылықты қалыптастыру; көктем мезгілінің құбылыстарына және мерекелеріне қызығушылықты дамыту, анаға махаббат сезімін қалыптастыру, байқампаздық, төзімділік, ұқыптылық сезімін тәрбиелеу.</p>			
<p>Апта дәйек сөзі: «Бала – елдің болашағы» Балаларға қазақ халқының тұсау кесу дәстүрі туралы</p>	<p><b>Ойын әрекеті:</b> «Ала жіп» <b>Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Педагог балаларға</p>	<p><b>Ойын әрекеті:</b> «Бала жүрді» <b>Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Педагог балаларға</p>	<p><b>Ойын әрекеті:</b> «Тұсау кесу рәсімі» <b>Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Педагог балаларға</p>	<p><b>Ойын әрекеті:</b> «Тұсау кесу мерекесі» <b>Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Балалар апта бойы</p>	

	<p>қарапайым түсінік беру.</p> <p><b>Ойын әрекеті:</b>  <b>«Қуыршақтың тұсауын кесейік»</b>  <b>Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b>          Педагог балаларға тұсау кесу рәсімі туралы айтып береді. Балалар «тұсау», «жіп», «бала жүрді» сөздерін анық айтуға жаттығады. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар жасалады.</p> <p><b>Сөздік қор</b>          Балалар «тұсау кесу», «ала жіп», «бала жүрді» сөз тіркестерін меңгереді.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>          Балалар «жіп баланың алдында», «жіп баланың жанында» сөз тіркестерін қолданады.</p>	<p>тұсау кесу кезінде қолданылатын ала жіпті көрсетіп, оның ерекшелігін түсіндіреді. Балалар «ала жіп», «жіп байлау», «жіп кесу» сөздерін анық айтуға жаттығады. Артикуляциялық жаттығулар орындалып, дыбыстарды дұрыс айтуға бағыт беріледі. Балалар сөздерді баяу әрі анық айтуға машықтанады.</p> <p><b>Сөздік қор</b>          Балалар «ала жіп байланды», «жіпті кесу», «бала қадам жасады» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Педагог жаңа сөздердің мағынасын түсіндіріп, балалардың сөйлем құрауына көмектеседі.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>          Балалар «жіп баланың</p>	<p>баланың алғашқы қадамы туралы әңгімелеп береді. Балалар «бала жүрді», «қадам жасады», «жіп кесілді» сөздерін анық айтуға жаттығады. Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар жасалады.</p> <p><b>Сөздік қор</b>          Балалар «бала жүріп келеді», «қадам басты», «мереке болды» сияқты сөз тіркестерін қолданады.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>          Балалар «бала алаңның ортасында», «жіп баланың алдында» сияқты сөйлемдер құрайды.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b>          Балалар қуыршақпен тұсау кесу көрінісін көрсетіп, өз әрекеттерін қысқаша әңгімелейді.</p>	<p>тұсау кесу рәсімінің қалай өтетінін түсіндіреді. Балалар «тұсау кесу», «ала жіп», «жіп кесілді», «бала жүрді» сөздерін анық айтуға жаттығады. Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға бағыт беріледі. Балалар сөздерді баяу және анық айтуға машықтанады.</p> <p><b>Сөздік қор</b>          Балалар «ала жіп байланды», «жіпті кесу», «бала қадам жасады», «мереке болды» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Педагог балаларға жаңа сөздердің мағынасын түсіндіріп, оларды сөйлемде қолдануға көмектеседі.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>          Балалар «жіп баланың алдында», «жіп</p>	<p>үйренген сөздерді қайталап айтады. «Тұсау кесу», «ала жіп», «бала жүрді», «мереке» сөздерін анық айтуға жаттығады. Педагог балалардың сөйлеу қарқынын бақылап, сөздерді дұрыс айтуға бағыт береді.</p> <p><b>Сөздік қор</b>          Балалар «тұсау кесу мерекесі», «бала қадам басты», «жіп кесілді» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Балалар бұл сөздерді қарапайым сөйлемдерде қолдануға тырысады.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>          Балалар «жіп баланың алдында», «бала алаңның ортасында», «жіп жерде жатыр» сияқты сөйлемдер құрайды.</p> <p><b>Байланыстырып</b></p>
--	---	---	---	--	---

	<p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Балалар қуыршақпен тұсау кесу ойынын ойнап, өз әрекеттерін айтып береді.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> Тұсау кесу туралы қысқа өлең немесе тақпақ тыңдау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Балалар жаңылтпаш айтып, «ә», «ө», «қ», «ү», «ұ» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттығады.</p> <p><b>Математика негіздері – сан</b> Балалар ала жіптердің санын санайды.</p> <p><b>Шама</b> Ұзын және қысқа жіптерді салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Дөңгелек пішінді табу.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Балалар заттарды оң және сол жағына орналастырады.</p>	<p>алдында», «жіп баланың жанында», «жіп баланың артында» деген сөйлемдер құрайды. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтуға жаттығады.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Балалар ала жіппен ойын ұйымдастырып, өз әрекеттерін айтып береді. Педагог балаларға бағыттаушы сұрақтар қойып, сөйлеуін дамытады.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> Педагог тұсау кесу туралы қысқа тақпақ оқиды. Балалар өлең жолдарын тыңдап, кейбір сөздерін бірге қайталайды.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Балалар қазақ тіліне тән «ә», «ө», «қ», «ү», «ұ» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттығады.</p> <p>Қысқа санамақ немесе жаңылтпаш айту арқылы тіл жаттығады.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> Педагог тұсау кесуге байланысты өлең оқиды. Балалар өлеңді тыңдап, кейбір сөздерін қайталайды.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Балалар жаңылтпаш айтып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады.</p> <p><b>Математика негіздері – сан</b> Балалар ойыншықтарды санайды. Бір және бірнеше затты салыстырады.</p> <p><b>Шама</b> Балалар үлкен және кіші заттарды салыстырады.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балалар дөңгелек пішінді тағы да бекітеді.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Балалар заттарды оң және сол жағына орналастырады.</p>	<p>баланың жанында», «бала алаңның ортасында» деген сөйлемдер құрайды. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану жаттығулары жүргізіледі.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Балалар қуыршақ арқылы тұсау кесу рәсімін бейнелейді. Өр бала өз әрекетін айтып беруге тырысады. Педагог балалардың сөйлеуін сұрақтар арқылы дамытады.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> Педагог тұсау кесу туралы қысқа өлең немесе тақпақ оқиды. Балалар өлеңді тыңдап, кейбір жолдарын бірге қайталайды.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Балалар қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, қ, ү, ұ) дұрыс айтуға жаттығады. Қысқа</p>	<p><b>сөйлеу</b> Балалар тұсау кесу рәсімі туралы қысқаша әңгіме айтып береді. Педагог балаларға бағыттаушы сұрақтар қойып, олардың сөйлеуін дамытады.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> Апта бойы үйренген өлең немесе тақпақты балалар бірге қайталайды.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Балалар санамақ немесе жаңылтпаш айтып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады.</p> <p><b>Математика негіздері – сан</b> Балалар түрлі заттарды санайды. Заттардың санын салыстырып, «тең», «артық», «кем» ұғымдарын бекітеді.</p> <p><b>Шама</b> Балалар үлкен және кіші заттарды салыстырады. Ұзын және қысқа заттарды</p>
--	--	---	--	--	---

		<p><b>Математика негіздері</b> – <b>сан</b> Балалар түрлі түсті жіптердің санын санайды. Бір және бірнеше затты салыстырып, «қайсысы көп?», «қайсысы аз?» деген сұрақтарға жауап береді.</p> <p><b>Шама</b> Балалар ұзын және қысқа жіптерді салыстырады. Жіптердің айырмашылығын байқап, олардың ұзындығын анықтайды. Кеңістікте бағдарлау Балалар жіпті оң және сол жағына орналастырып көреді. Кеңістіктегі бағыттарды анықтауға жаттығады.</p>		<p>жаңылтпаш немесе санамақ айту арқылы тіл жаттығады.</p> <p><b>Математика негіздері</b> – <b>сан</b> Балалар түрлі түсті жіптердің санын санайды. Заттардың санын салыстырып, «қайсысы көп?», «қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді.</p> <p><b>Шама</b> Балалар ұзын және қысқа жіптерді салыстырады. Жіптердің ұзындығын байқап, айырмашылығын айтады.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балалар дөңгелек пішінді заттарды байқап, олардың ерекшелігін анықтайды.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Балалар ойыншықтарды оң</p>	<p>ажыратады.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балалар дөңгелек пішінді тағы бір рет бекітеді.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Балалар ойыншықтарды оң және сол жақтарына орналастырады. Кеңістіктегі бағыттарды анықтайды.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау</b> Балалар таңертең, күндіз, кешке ұғымдарын қолданады.</p>
--	--	--	--	--	--

				және сол жағына орналастырып көреді. Кеңістіктегі бағыттарды анықтауға жаттығады.	
<b>2-ші таңғы ас</b>	2-ші таңғы ас алдында қолдарын сабынмен жуу мәдениетін қалыптастыру. Үстел басында қарапайым мінез құлық дағдыларын қалыптастыру шырын ішу, жеміс жеу кезінде.				
<b>Серуенге дайындық</b>	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b> Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Серуен</b>	<b>Бақылау: Жердің құрғауы</b> <b>Бақылау барысы:</b> Қардың еріп, жердің құрғап келе жатқанын көрсету. Дербес әрекет: Еркін ойын, жүгіру. Еңбекке баулу: Алаңды тазалау. Қимылды ойын атауы: «Секіріп өт» Ойын шарты: Белгіленген сызықтан секіріп	<b>Бақылау: Ағаш бүршіктері</b> <b>Бақылау барысы:</b> Ағаштағы бүршіктерді көрсетіп, көктемде өсетінін түсіндіру. Дербес әрекет: Табиғатты бақылау, еркін ойын. Еңбекке баулу: Өсімдіктерге су құюға көмектесу. Қимылды ойын атауы: «Жасырынбақ» Ойын шарты: Бір бала жасырынып, басқалары іздейді.	<b>Бақылау: Гүлдер</b> <b>Бақылау барысы:</b> Алғашқы гүлдерді көрсетіп, түсін, ерекшелігін айту. Дербес әрекет: Гүлдерді тамашалау, еркін қозғалу. Еңбекке баулу: Гүлдерді суару. Қимылды ойын атауы: «Көбелек пен гүл» Ойын шарты: Балалар көбелек болып гүлдерге «қонады».	<b>Бақылау: Күннің жылуы</b> <b>Бақылау барысы:</b> Күннің жылуын сезіндіру, балалардың пікірін тыңдау. Дербес әрекет: Жүгіру, секіру. Еңбекке баулу: Ойыншықтарды жинау. Қимылды ойын атауы: «Күн мен жаңбыр» Ойын шарты: «Күн» – жүгіру, «жаңбыр» – тығылу.	<b>Бақылау: Көлеңке</b> <b>Бақылау барысы:</b> Балалардың көлеңкесін көрсетіп, салыстыру. Дербес әрекет: Көлеңкемен ойнау. Еңбекке баулу: Алаңды тазалау. Қимылды ойын атауы: «Көлеңкенді тап» Ойын шарты: Әр бала өз көлеңкесін табады

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ( <b>дербес қимыл әрекеті</b> ).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b> Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. ( <b>Музыка</b> )				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	<b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). <b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-	Хореография (вариатив)  Құрастыру	Құрастыру Балалар құрылыс материалдарын пайдаланып шағын	Хореография (вариатив)  Құрастыру	Құрастыру Балалар құрылыс материалдарын пайдаланып мерекелік	Құрастыру Балалар құрылыс материалдарынан мерекелік алаң

<p><b>рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b></p>	<p>Балалар құрылыс материалдарынан шағын алаң құрастырады.</p> <p><b>Сурет салу</b> Балалар түрлі түсті қарындашпен ала жіп бейнесін салады.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> Балалар ермексаздан жіп бейнесін жасайды.</p> <p><b>Жапсыру</b> Балалар түрлі түсті қағаздардан ала жіп бейнесін жапсырады.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Балалар қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы алғашқы түсінік алады.</p>	<p>алаң құрастырады. Кірпіштерді дұрыс орналастыру тәсілдері көрсетіледі.</p> <p><b>Сурет салу</b> Балалар түрлі түсті қарындашпен ала жіп бейнесін салады. Қағаз бетіне қарапайым композиция орналастырады.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> Балалар ермексазды домалату және созу тәсілдерін пайдаланып жіп бейнесін жасайды.</p> <p><b>Жапсыру</b> Балалар түрлі түсті қағаздардан ала жіп бейнесін жапсырады. Желімді дұрыс қолдану тәсілдері көрсетіледі.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Балалар қазақ</p>	<p>Балалар құрылыс материалдарынан ойын алаңын құрастырады.</p> <p><b>Сурет салу</b> Балалар бала мен жіп бейнесін қағаз бетіне орналастырып сурет салады.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> Балалар ермексаздан жіп немесе шағын пішіндер жасайды.</p> <p><b>Жапсыру</b> Балалар түрлі түсті қағаздан жіп бейнесін құрастырады.</p> <p><b>Қоршаған әлем</b> Балалар ұлттық дәстүр туралы әңгіме тыңдап, оның маңызын түсінеді.</p>	<p>алаң құрастырады. Кірпіштерді көлденең және тік орналастыру тәсілдерін қолданады.</p> <p><b>Сурет салу</b> Балалар түрлі түсті қарындаштар немесе бояулар арқылы тұсау кесу рәсіміне байланысты сурет салады. Қағаз бетіне қарапайым композиция орналастырады.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> Балалар ермексаздан жіп немесе шағын пішіндер жасап көреді. Домалату және созу тәсілдерін қолданады.</p> <p><b>Жапсыру</b> Балалар түрлі түсті қағаздардан ала жіп бейнесін құрастырып жапсырады. Желімді дұрыс қолдану тәсілдері көрсетіледі.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Балалар қазақ</p>	<p>құрастырады. Өз ойларымен шағын композициялар жасайды.</p> <p><b>Сурет салу</b> Балалар тұсау кесу мерекесіне байланысты қарапайым сюжеттік сурет салады.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> Балалар ермексаздан түрлі пішіндер жасап, ұжымдық композиция жасайды.</p> <p><b>Жапсыру</b> Балалар түрлі түсті қағаздардан мерекелік композиция құрастырады.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Балалар қазақ халқының салт-дәстүрлерін құрметтеу керектігін түсінеді. Тұсау кесу дәстүрінің маңызы туралы әңгіме жүргізіледі.</p>
--	---	---	--	--	---

		халқының салт-дәстүрлері туралы әңгіме тыңдайды. Тұсау кесу рәсімі баланың алғашқы қадамын атап өту үшін жасалатыны түсіндіріледі.		халқының салт-дәстүрлері туралы әңгіме тыңдайды. Тұсау кесу дәстүрінің маңызы түсіндіріледі.	
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Бағыты:</b> Жуан-жіңішке сөздер <b>Жұмыс:</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату (қала–көл).  Азиза, Мирасұлы Арсен, Көркем, Әмір	<b>Бағыты:</b> Қайталап әңгімелеу <b>Жұмыс:</b> Қысқа мәтін мазмұнын өз сөзімен айтқызу.  Ақтөре, Азиза, Әли	<b>Бағыты:</b> Математика (тең, тең емес) <b>Жұмыс:</b> Заттарды қосу/алу арқылы «Тең бе?» сұрағына жауап бергізу.  Көркем, Әмір, Берікұлы Алихан.	<b>Бағыты:</b> Шама <b>Жұмыс:</b> Ұзын-қысқа, биік-аласа заттарды салыстырып айтқызу.  Мирасұлы Арсен, Көркем, Әмір, Берікұлы Алихан.	<b>Бағыты:</b> Геометриялық пішін <b>Жұмыс:</b> Дөңгелекті ұстап, сипап зерттеу, айналадағы дөңгелек заттарды тапқызу.  Арыстан, Көркем, Әмір
<b>Серуенге дайындық</b>	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b> Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Серуен</b>	<b>Бақылау</b> <b>Ойын:</b> «Орныңды тап» <b>Шарты:</b> Музыка тоқтағанда әр бала белгіленген шеңберге тез тұруы керек.	<b>Бақылау</b> <b>Ойын:</b> «Секір де бұрыл» <b>Шарты:</b> Белгі бойынша алға секіріп, артқа бұрылып жүгіріп келеді.	<b>Бақылау</b> <b>Ойын:</b> «Ұста да жеткіз» <b>Шарты:</b> Жүгіріп барып затты алып, өз тобына жеткізеді.	<b>Бақылау</b> <b>Ойын:</b> «Қуып жет» <b>Шарты:</b> Бір бала қашады, екіншісі қуып жетуге тырысады. Белгіленген аймақтан шықпау керек.	<b>Бақылау</b> <b>Ойын:</b> «Кім дәл?» <b>Шарты:</b> Допты жерге соғып, қайта ұстап алады (2–3 рет қатарынан).
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер				

	жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).				
<b>Кешкі ас</b>	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету( <i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</i> ) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру <i>Бір тұтас тәрбие «Әжемнің ертегісі» «Қарлығаш пен дәуіт» аудио таспадан ертегі тыңдау</i>				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b>	<p><b>Сюжеттік рөлдік ойын:</b> <b>«Шаштараз»</b> Мақсаты: ойын желісін өздігінен дамыта білуді, тақырыбын келісіп алуды, рөлдерді бөлісе білуді қалыптастыруды жалғастыру. Ойында рөлдік өзара әрекеттестікті құруға және рөлдік өзара қарым-қатынастарды меңгеруге мүмкіндік туғызу.</p>	<p><b>«Сипатын тап» Дидактикалық міндет.</b> Балаларды заттарды қарастыруға, көрмей тұрған заттарды еске түсіріп, сипаттауға үйрету.</p>	<p><b>Кітап бұрышында:</b> өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет. Міндеттері: Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p>	<p><b>Желілі - рөлді ойын «Аспазшы»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойынға қызығушылығын арттыру, өз бетінше ойнай білу қабілетін дамыту, ойын үстінде өзін - өзі ұстай білу мәдениетіне, бір - біріне көмектесуге және жағымды қарым - қатынас жасай білуге үйрету. Ойын жағдаятын қалыптастыру <i>Танымдық дағды</i></p>	<p>Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. <b>Музыка.</b> <b>Міндеттер.</b> Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру).				

Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**

Тексерілген күні: 10.04.2026

Ұсыныстар: Балалардан әрбес әрекетіндегі міндеттерді көрсету.

Әдіскер: А.А.А.

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

### Сәуір 4 апта

**Білім беру ұйымы:** Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» КМҚК

**Топ:** «Балақан» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 20.04.2026-24.04.2026

**Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

**Тәрбиешілер:** Омирбекова Ж.Е., Сейтказина З.Ж.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.04.2026	Сейсенбі 21.04.2026	Сәрсенбі 22.04.2026	Бейсенбі 23.04.2026	Жұма 24.04.2026
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» «Ата толғау» Күймен балаларды қарсы алу. Музыка.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	"Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер. "Ата-әжемен бірге" фотосуреттер көрмесін ұйымдастыру. "Гүлдер" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. "Әжем ертегі айтады" аудио ертегілер челленджі.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Қонжықтың күн тәртібі" дидактикалық ойыны. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Міндеттер. Қарама-қарсы тәулік	Ұсақ және ірі бөлшектерден құрылыс ойындары. Балалардың өз қалаулары бойынша. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру) Міндеттер. Құрастырылатын құрылысты қарапайым	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». Қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу. Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану	Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Міндеттері. Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Шкаф ішін тәртіпке келтірейік». (қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне өзі қызмет көрсету) Міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды

	бөліктерін бағдарлауға баулу: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Күн тәртібін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.	сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап және ойдан құрастыруға ынталандыру.	амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету. Балалардан қайда болғанын сұрау.	өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға (іلمекке ілуге, сөреге салуға) баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. тәрбиелеу.
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).</b></p> <p>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып.</p> <p>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып.</p> <p>1.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауларын сермеп "жаса" деген сөзді айтады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде.</p> <p>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауларын жоғары желбіретіп "тербе" деген сөзді айтады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p>				
<b>Таңғы ас</b>	<p>Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p>				

	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Қуыршақ, қуыршақ, Таза суға жуынсақ. Қол ұстасып, дос болып, Бақ ішінде қыдырсақ.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	«Өнегелі»: Түрлі халықтардың мәдениеті. Тақырыбы: "Мәдениеттер әлемі". Мақсаты: балалардың қоршаған адамдарға ізгі ниет, достық қасиеттерін қалыптастыру; қазақ халық салтының бірімен таныстыру, қазақ халық ойынын ойнату.				
<b>КесТтеге сәйкес ҮІӨ</b>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> <b>Негізгі қимыл:</b> <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> <b>Міндеті:</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. <b>Қимылды ойын:</b> «Кім жылдам» <b>Міндеті:</b> Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>«Кеңістікті бағдарлау»</b> <b>Міндеті:</b> Кеңістікті бағдарлау сөздерімен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау сөздері мен етістікті жалғап айтып үйрету. (Алға жүр. Артқа секір т.с.с.) Ү, Ұ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Аталған дыбыстар кездесетін сөздер айтқызып жаттықтыру. Сөз ішінде кездесетін қазақ тілінің төл дыбыстарын анық, дұрыс айтқызып үйрету. Артикуляциялық жаттығулар жасату.</p>	<p><b>Негізгі қимыл:</b> <b>Спорттық жаттығулар:</b> <b>Міндеті:</b> Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыруды орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту. Қарапайым ережелерді сақтауға баулу. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. <b>Қимылды ойын:</b> «Қояндар» <b>Мақсаты:</b> Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> <b>Негізгі қимыл:</b> <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> <b>Міндеті:</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. <b>Қимылды ойын:</b> «Кім жылдам»</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Достық біздің тірегіміз» <b>Міндеті:</b> Балаларға біздің көпұлтты екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру.</p>
	<b>Тіл дамыту және көркем әдебиеттен</b>	<b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Ұлттық	<b>Мүсіндеу</b> <b>техникаларын</b>	<b>Сурет салудан ойын-жаттығулар</b>	<b>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-</b>

	<p><b>ойын-жаттығулар.</b>  <b>"Жер мен су"</b>  <b>әңгімесін оқып беру.</b>  <b>Міндеттер.</b> Балаларға судың көктем мезгіліндегі жер мен ағаштарға тигізетін пайдасын әңгімелеу, көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру, диалогтар үлгілерін қалыптастыру.</p>	<p><b>әшекейлер»</b>  <b>Міндеті:</b> Балаларды қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарыжәне зергермамандығымен таныстырутұзды қамымрдансырғаны мүсіндеуше үйрету, мүсіндеулі домалақтау, есу, созу, жалпайту әдістері, пішінге келтіру,, ұлттық әшекей бұйымдарынқастерлеуге тәрбиелеу.  Математика негіздерінен ойын-жаттығулар  "Өртүрлі арықтар".  Міндеттер. Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "жоғары", "төмен", "ортасы" ұғымдарын түсінуін тиянақтау, заттардың ұзындығы жөніндегі түсініктерін жетілдіру; адамның көктемгі жұмыстарын, мезгіл құбылыстарын қайталау.</p>	<p><b>жетілдіру жаттығулары (мүсіндеу, қазақ тілі)</b>  <b>Міндеттер.</b> Өзіне ұнаған қазақ халқының әшекей бұйымдарының (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) бірін, (есу, жаю, бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру) мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p>	<p><b>"Гүлденген баубақша".</b>  <b>Міндеттер.</b> Балаларды көлденең жатқан қағаз бетіне, төменгі түзу сызыққа қарындашпен бірнеше ағашты қатарға салуға үйрету; ағаш бұталары бойына мақта таяқшаларымен нүктелі жақпалар қойып, жаңа атып жатқан бүршіктерді салу амалына жаттықтыру.</p>	<p><b>жаттығулар "Ағаштар мен бұталар".</b>  <b>Міндеттер.</b> Балалардың ағаштар мен бұталар атаулары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; ағаштар мен бұталарды бір-бірінен ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен байқампаздығын дамыту.</p>
<p><b>Екінші таңғы ас</b></p>	<p>Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)</p>				

	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
<b>Серуен</b>	<p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау.</b> (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Міндеттер:</b> балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; бақылау дағдыларын дамыту. Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p> <p><b>«Өнегелі тәрбие».</b> Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды газарту. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)</p>	<p><b>Қауіпсіздік. Жол қиылысын бақылау.</b> (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Міндеттер.</b> Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым (қауіпсіздік) ережелермен таныстыруды жалғастыру. Бағдаршам туралы түсінікті бекіту. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру. Жолды кесіп өтуге мен қамдансам, Қиылыста қарсы алады бағдаршам. Менікіндей екеу емес, үш көзді, Әр көзінің түсі бөлек, аңғарсаң. "Торғайлар мен автомобиль" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттер. Қимылды</p>	<p><b>«Экологиялық тәрбие».</b></p> <p><b>Теректі бақылау.</b> (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Міндеттері.</b> Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (теректі) тану және атау, өсімдік бөліктерін (діндегін, бұтақтарын, бүршіктерін) тану. Тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. Терек, терек, Саған жылу керек. Күн жылуы бетіне түссе, Жылтырайсың, Күн көзінде</p>	<p><b>«Өнегелі тәрбие».</b></p> <p><b>Бағбанның еңбегін бақылау.</b> (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Міндеттер.</b> Таныс мамандық иелеріне (бағбанға) құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуға үйрету. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Белсенді сөздік қорға "бағбан" сөзін ендіру. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру. Бейсебай Кірісбаев "Бағбан" Елден алғыс алған мың, Мен бағбанмын, бағбанмын. Дәмін көрші жүзімнің,</p>	<p><b>Бұлттарды бақылау.</b> (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Міндеті:</b> әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру. Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Желдің соққанын байқайық, Желектерге бір қарайық: Жел бұталарды шайқайды, Жапырақтармен ойнайды.</p> <p>Қ. Мырза Әли "Аспанда". Аспан малға толып</p>

	<p><b>Міндеттер.</b> Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.</p>	<p>ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшандыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Міндеттер. Педагог лақтырған допты қағып алуға үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жүгірейік". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: жылдамдықты, ептілікті дамыту.</p>	<p>жарқылдайсың. Терек, терек, Саған су керек. Су тамырыңа жетсе, Ұзарасың, Көлеңкеңді таратасың. (Д. Ахметова) <b>«Өнегелі тәрбие».</b> Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балаларды жерге түсіп қалған ұсақ, құрғақ өсімдік қоқыстарын қорапқа жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) <b>Міндеттер.</b> Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; заттарды жинауға баулу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт</p>	<p>Дәмін көрші алмамның. Бақ қызығы керек пе, Кел, балақай, көмекке?! Толтыра бер себетке, Толтыра бер шелекке. Адамға тән шыдам-күш, Балаға тән ұнамды іс. Бағбан бала атансаң, Айтам саған мың алғыс. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балаларды жерге түсіп қалған ұсақ, құрғақ өсімдік қоқыстарын қорапқа жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; заттарды жинауға баулу.</p>	<p>кетті - Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының «Бәйге» ұлттық қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.</p>
--	--	--	--	--	---

			<p>қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа (2,5-5 метр) лақтыруды жетілдіру. Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p>	<p>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.</p>	<p>(дене тәрбиесі) Міндеттер. Педагог лақтырған допты қағып алуға үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ең жылдам". (дене тәрбиесі) Міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруді жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.</p>				
<b>Түскі ас</b>	<p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p>				

